



**Қазақстан Республикасы Президентінің "Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі"
Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005 жылға дейінгі кезеңге
арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 5 қаңтар N 7

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Астананың гүлденуі -
Қазақстанның гүлденуі" Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының
2005 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы"
Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына
енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасы Президентінің
Жарлығы

"Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі"
Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық
дамуының 2005 жылға дейінгі кезеңге
арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасының Конституциясы

К951000_

44-бабының 8)
тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған "Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" Астана

қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде Бағдарламаны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін.

3. Астана қаласының әкімі жыл сайын жартыжылдықтың және жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасы Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылуы барысы туралы жиынтық талдамалы баяндама ұсынсын.

4. Бағдарламаның орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы

Президентінің
2001 жылғы "___" _____
N _____ Жарлығымен
Бекітілген

"Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі"

Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық
дамуының 2005 жылға дейінгі кезеңге
арналған мемлекеттік бағдарламасы

Бағдарламаның паспорты

Атауы "Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" Астана
қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының
2005 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік

бағдарламасы

Әзірлеу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы негіздеме 9 қарашадағы N 4054 тапсырмасы.

Мақсат Мемлекеттік Бағдарламаның мақсаты Астана қаласының Қазақстанның әкімшілік-іскерлік орталығы ретінде үйлесімді дамуы жөніндегі кешенді шаралар әзірлеу, бас қаланың елдің әлеуметтік-экономикалық және рухани өміріндегі топтастырушылық ролін арттыру болып табылады.

Міндеттер Қала экономикасы дамуының функционалдық-салалық (өндірістік) құрылымы мен басымдықтарын айқындау және негіздеу;
әлеуметтік саланың құрылымы мен қаланың әлеуметтік инфрақұрылымын айқындау және негіздеу;
қаланың өндірістік инфрақұрылымы мен тіршілікті қамтамасыз етуші жүйелерін дамыту мен қалыптастырудың бағыттарын айқындау және негіздеу;
Астана қаласының перспективалық аймақаралық байланыстарын дамыту мен қалыптастырудың бағыттарын айқындау және негіздеу;
Астана қаласы дамуының мультипликативтік нәтиже пайда болуының есебінен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін негіздеу;
Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған негізгі көрсеткіштерін болжау.

Негізгі қағидаттар Түпкілікті мақсатқа бағытталуы және қалыптасуы мен дамуының кезеңділігі;
Әлеуметтік-экономикалық жүйенің тиімділігі;
Ілгерілеушілігі;
Тауар өндірушілердің жоғары бәсекелестік қабілеті;
Даму моделінің үдемелілігі;
Қала экономикасының ашықтығы және сыртқы экономикалық қызметтің ырықтандырылуы;
Қаланың экономикалық қауіпсіздігі;
Сыртқы субъектілердің тарапынан көрінетін

жетілмеген бәсекелестіктен және теріс пиғылды іс-әрекеттерден сенімді қорғалуы;
Тауарлар мен қызметтерді өндірудің және тұтынудың экологиялылығы;
Астана қаласының елдің қалалары мен аймақтары жүйесіндегі жетекшілігі.

Қаржыландыру Республикалық және жергілікті бюджеттердің көздері қаражаты, кәсіпорындардың, ұйымдардың және халықтың қаражаты, халықаралық ұйымдардың гранттары Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын іске асыру үшін ресурстық база болып табылады.

2001-2005 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыруға республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатындағы есепті қажеттілік 255 млрд. теңге құрайды.*

Республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінетін қаражаттың нақты көлемі тиісті жылға бюджеттерді қалыптастыру кезінде анықталған мүмкіндіктер ескеріле отырып, белгіленетін болады.

2001-2005 жылдардағы негізгі капиталға тартылатын инвестициялардың жалпы көлемі 452 млрд. теңге құрайды.*

Күтілетін нәтижелер Мемлекеттік бағдарлама көзделген шараларды іске асырудың нәтижесінде әкімшілік және іскерлік қызметтерді тиімді жүзеге асыруды, халықтың тұрмысы мен әл-ауқатының жоғары деңгейіне қол жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін үйлесімді дамыған бас қаланың ортасы қалыптасады, сондай-ақ аймақаралық ықпалдастық байланыстарды нығайту жолымен елдің барлық аймақтарының дамуына және гүлденуіне ықпал ететін болады.

Кіріспе

"Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 9 қарашадағы N 4054 тапсырмасына сәйкес әзірленді.

Осы Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылдың 18 шілдесінде мақұлданған "Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған орта мерзімді бағдарламасы тұжырымдамасының ережелері мен негізгі бағыттарына негізделеді.

Осы Бағдарламаны әзірлеу Қазақстанның бас қаласы Астана қаласын одан әрі дамыту стратегиясын айқындау қажеттігінен туындады.

Бағдарламада тәуелсіз және егемен Қазақстанның бас қаласы Астана қаласында экономикалық даму мен тұрмыс сапасының деңгейін арттыруға, іскерлік, ғылыми және мәдени орта құруға бағытталған экономикалық, әлеуметтік, ұйымдастырушылық, техникалық, әлеуметтік-мәдени шаралардың және оларды іске асыру тетіктерінің жиынтығы анықталған.

Бағдарлама бас қаланың қалыптасуының және әлеуметтік-экономикалық дамуының бастапқы кезеңінің проблемаларын шешуге бағытталып қана қоймайды, Астана қаласының келешекте гүлденуінің жалпы сұлбасы мен қажеттіліктеріне сәйкес келетін негіздерін де қалайды. Мұндай міндетті шешудің стратегиялық бағдары ретінде "күшті астана - күшті аймақтар - күшті мемлекет" девизи таңдап алынды.

1. Экономиканың және әлеуметтік саланың қазіргі жай-күйі

1.1. Жалпы сипаттама

Астана қаласы өзен маңындағы жазықта және ішінара Есіл өзенінің аңғарында орналасқан. Климатына тән ерекшеліктер - тұрақты қар жауатын қысы ұзақ та суық, ауа температурасының үлкен жылдық және тәуліктік ауытқулары, бүкіл жыл бойы аңызак жел ұрып тұрады.

Астананың көлемі 71014 га аумағы ластануға бейім және антропогендік жүктемелерге төзімділігі нашарлығымен сипатталатын құрғақ дала аймағында орналасқан. Қаланың шегінде ағаш өсіруге қолайсыз топырақтың - тастақ және балшықты жерлердің, сорлардың, сортаңдардың, батпақтанған жерлердің және жер асты сулары терең емес жерлердің кеңінен таралуы ағаштар мен бұталардың қалаған

түрлерін өсіруді қиындатады.

Аумақтың рельефі елеулі еңістердің жоқтығымен сипатталады. Шағын рельефке тән элементтер олардың түбі батпақтанған немесе шағын көлшіктер алып жатқан, басым бөлігінің көлемі 50 метрден 250 метрге дейінгі табақшалар түріндегі көптеген ойпаңдар болып табылады. Есіл өзені аңғарының аумағы су тасқыны кезінде әртүрлі дәрежеде су басуға ұшырайды.

Жер асты сулары қала аумағында 0-2 м тереңдікте жатады. Судың жер бетіндегі ағынын және жер асты суларының дренажын ұйымдастыру бөлігінде аумақтың инженерлік дайындығынсыз қала қалыпты жағдайда құрылыс жүргізіп және жұмыс істей амайды.

Жер қабатының көміртекті болатқа қатысты тот басуы - орташадан өте жоғарыға дейін, кабельдердің алюминийлі қабықтарына - жоғары, қорғасынға - төменгіден орташаға дейін болып келеді.

Ауаның үлкен көлемдегі қозғалысы құрылыс аумағын үдемелі желдетуге мүмкіндік туғызады, ауада зиянды заттардың тұрып қалу жағдайлары туындауының ықтималдығын азайтады.

Энергетикалық кәсіпорындар және автокөлік, сондай-ақ жайластырылмаған елді мекендер мен кәсіпорындардың аумағынан ағатын жер бетіндегі сарқынды сулар қаланы ластандыру көздері болып табылады. ЖЭО-1 және ЖЭО-2 атмосфералық ауаны негізгі ластаушылар болып табылады. Тұрақты жұмыс істейтін көздерден зиянды заттардың тастандылары 1998 жылы 41,5 мың тонна, 1999 жылы 47,5 мың тонна құрады.

Қаланың өнеркәсіптік аудандары жер асты суларының негізгі ластану көздері болып табылады. Бұдан басқа, Қарағанды облысында Нұра өзені аңғарындағы жерасты суларының мұнай өнімдерімен, фенолдармен, стиролдармен ластануы жалғасуда. Нұра өзенінің аллювиальды шөгінділерінде жер бетіндегі және жерасты суларының ластануынан, қазіргі уақытта олар Астана қаласының техникалық мұқтаждары үшін ғана пайдаланылады.

Қаланың аумағында тұрмыстық және өндірістік қалдықтардың рұқсат етілген бір жинаушысы бар. Жобалық есептер бойынша оны пайдалану 2010 жылға дейін ғана мүмкін болады.

Бас қаланың мәртебесін алғалы Астана қаласында түбегейлі өзгерістер болып өтті. Қазіргі заманғы ғимараттар мен тұрғын үй кешендері салынды. Сәбилер Үйінің, Теміржолшылар сарайының, Орталық әмбебап дүкеннің ғимараттары жаңа келбетке ие болды. Ұлттық мұражайдың, Еуразия университеті оқу корпусының, Министрліктер үйінің, "Мирас" мектебінің, "Синема-Сити" ойын-сауық кешенінің, "Самал", "Қараөткел", "Әл Фараби" тұрғын үй шағын аудандарының құрылысы аяқталды. Бес жұлдызды "Интерконтиненталь" қонақ үйі, мейманханалар, мейрамханалар, "Еуразия" сауда орталығы", Министрліктер Үйіне қарсы жаңа алаң салынды.

Қайта жаңартқаннан кейін Парламенттің, Үкіметтің, Конгресс-холдың, Қазақ және Орыс драма театрларының, республиканың Бас прокуратурасы мен Жоғарғы Соты ғимараттарының келбеті өзгерді. Есіл өзенінің көркейген жағасы қалалықтардың серуендейтін сүйікті орнына айналды. Шағын парктер салынды, жаңа демалыс аймағы қ ұ р ы л д ы .

Есіл өзенінің сол жағалауында "Комфорт" мейманханасы, "Президеншиал Плаза" бизнес орталығының зәулім ғимараты, Қонақ қабылдау сарайы салынды.

1.2. Б ю д ж е т с а я с а т ы

Астана қаласы бюджетінің кірістері 1999 жылы нақты көрсеткіштердің жоспарланғанынан асып түсуімен сипатталды. Кірістер жоспардағы 14635,9 млн. теңгенің орнына 14983,8 млн. теңге немесе 102,4% құрады. 2000 жылдың тоғыз айында бюджет кірістері тұтасымен бүкіл 1999 жылғыдан 2557 млн. теңгеге артты.

Қаланың кәсіпорындары мен ұйымдары бойынша дебиторлық берешек 2000 жылғы 1 қарашамен салыстырғанда 115,9 млрд. теңге, оның мерзімі өткендері - 15,6 млрд. теңге құрады. Мерзімі өткен дебиторлық берешектің жартысынан астамы өңдеуші өнеркәсіптің кәсіпорындарында құралды.

Міндеттемелер бойынша берешек үстіміздегі жылдың 10 айында 182,9 млрд. теңге, соның ішінде мерзімі өткені 17,5 млрд. теңге (9,6%) құрады.

1.3. И н в е с т и ц и я л ы қ к ы з м е т

1997 жылы бас қаланың Астанаға көшуіне байланысты қаланың дамуына бағытталған инвестициялардың жоғары өсімі байқалады. Қаржыландыру республикалық бюджеттің, Арнаулы экономикалық аймақтың Әкімшілік Кеңесі бюджетінің, жеке меншік және мемлекеттік компаниялардың, халықаралық қаржы ұйымдарының және шетелдік донор елдердің есебінен жүзеге асырылды.

1999 жылдан бастап оның шеңберінде жергілікті атқарушы органның 150 млн. теңге сомаға қарыз алуы жүзеге асырылған "Тұрғын үй құрылысын ипотекалық несиелендірудің қалалық бағдарламасы" Астана қаласының аймақтық инвестициялық бағдарламасы іске асырылуда.

1999 жылы негізгі капиталға тартылған инвестициялар 42,6 млрд. теңгеге жетті, ол 1993 жылғы деңгейден 19,4%-ға жоғары. Өндірістен тыс салаға тартылған инвестициялар 38,9 млрд. теңге құрады. Күрделі қаржы құрылымында мемлекеттік инвестициялардың үлес салмағы 77,3%-дан 65,1%-ға дейін төмендеді. Бұл ретте жеке меншік инвестициялардың үлесі 16,3%-дан 29,6%-ға дейін, шетелдік инвестициялардың үлесі 1,4%-дан 5,3%-ға дейін өсті. 2000 жылы бағалау бойынша негізгі капиталға тартылған инвестициялардың көлемі 58 млрд. теңгеге жуық құрайды.

Негізгі қорларды іске қосу 1999 жылы 17,5 млрд. теңге құрады, 2000 жылдың 10 айында - 31,9 млрд. теңге, бұл өткен жылдың осындай кезеңіндегіден 6 есе артық.

1.4. Сыртқы экономикалық қызмет

Экспорттың көлемі 1995 жылы 405 мың АҚШ долларын, импорттікі - 853,7 мың доллар құрады. 1999 жылы олар тиісінше 21,4 және 138,3 млн. АҚШ долларына дейін өсті. 2000 жылдың 1 қарашасына алғанда олардың көлемі тиісінше 31,3 және 129,1 млн. АҚШ долларын құрады. Соңғы екі жылда сыртқы экономикалық қызмет импорттың экспорттан асып түсуімен сипатталды.

1999 жылы экспорттық жеткізілімдер құрылымында азық-түлік тауарлары мен оларды өндіруге арналған шикізат (50%), металлургия өнеркәсібінің өнімдері (13,5%) негізгі орын алды. Импорттың көлемінде ең жоғары үлес салмағы машиналарға, жабдықтар мен көлік құралдарына (38,8%) ағашқа, ағаш материалдарына, қағаз бұйымдарға (4,4%) тиді.

1.5. Өнеркәсіп

Астана қаласының өнеркәсіптік секторында 1995-2000 жылдардағы кезеңде елеулі өзгерістер болды. Сұраныс жоқ және бәсекеге қабілетсіз өнім шығарумен айналысатын, жұмыс істеуге қабілетсіз өндірістерді қайта құрылымдау және қайта ұйымдастыру жүргізілді. Соның ішінде, ірі кәсіпорындарды жіктеу есебінен орта және шағын кәсіпорындардың саны өсті.

Өнеркәсіп өндірісінің көлемінде электр энергиясын, газ бен суды өндіру және тарату жөніндегі кәсіпорындарға - 37%, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеуге - 35%, металл емес минералдық өнімдер өндірісіне - 10%, өңдеуші өнеркәсіптің өзге салаларына - 18% келеді.

1999 жылдан бастап өнеркәсіпте өсудің оң үрдісі байқалды. 2000 жылы өнеркәсіп өндірісінің көлемі бағалау бойынша 1999 жылғы деңгеймен салыстырғанда 16-17%-ға өседі. 2000 жылы өнеркәсіп өндірісінің өсуін айқындаған негізгі фактор электр энергиясын, газ бен суды өндіру және тарату жөніндегі кәсіпорындардың өнім шығаруды 20%-ға, жылу энергиясын - 22%-ға, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеуді - 18%-ға, химия өнеркәсібінде - 25%-ға, машина жасауда - 5%-ға арттыруы болды.

"Агромаш" АҚ тұқым сепкіштерді қайта шығара бастады және өзінің техникалық-экономикалық көрсеткіштері бойынша шетелдікінен кем түспейтін жаткалар өндірісін игерді. Төрт ірі кәсіпорын "Ізденіс" ЖШС, "Ақмола вагон жөндеу зауыты" АҚ, "Целингидромаш" ӨК, "Астана-Технопарк" ААҚ Импортты алмастыру жөніндегі республикалық бағдарламаны жүзеге асыру шеңберінде тапсырыстар алды.

Өнеркәсіпті дамытудың қалалық бағдарламасы шеңберінде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарда қуаттар іске қосылды: металл кесуге арналған лазерлік кешен, бір мәрте пайдаланылатын ыдыстар шығару жөніндегі желілер, пластикалық бөтелкелерге арналған ПЭТ-преформ, "жылжымалы асхана" трейлерлері, құрылыс материалдары. Еуропалық рецепт бойынша шарап құю жөніндегі желі іске қосылды. Өнімнің 100-ге жуық жаңа түрі игерілді. Олардың ішінде құрылыс материалдары, тамақ өнімдері, х а л ы қ т ұ т ы н а т ы н т а у а р л а р б а р .

Сонымен бір мезгілде, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеумен байланысты кәсіпорындарда шикізаттың жеткіліксіздігінен өндірістік қуаттардың толық күшінде жұмыс істемеуі байқалады, шығарылатын өнімнің ассортименті төмен.

1.6. Шағын кәсіпкерлік

Шағын бизнес қаланың әлеуметтік-экономикалық өмірінің барлық саласын қамтиды. Шағын кәсіпкерлік саласында жұмыспен қамтылғандардың саны 1997 жылы 13,5 мың адамды құрады, бүгінгі күнге олардың саны 35 мың адамнан асады. Өнім (жұмыс, қызмет) өндірудің көлемі 1997 жылғы 7,9 млрд. теңгеден 2000 жылдың 10 айында 22,8 млрд. теңгеге дейін өсті. 1997 жылдан бастап бюджетке төленетін төлемдер 48,9%-ға артты (907 млн. теңгеден 1999 жылы 1350,8 млн. теңгеге дейін) 2000 жылдың 1 қарашасына алғанда олар 1617,7 млн. теңге құрады, ол бүкіл 1999 жылғыдан 19,7% - ға а р т ы қ .

Өнім (жұмыстар, қызмет көрсетулер) өндірудің салалық құрылымында шағын бизнестің субъектілері ретінде негізгі бөлігін сауда алады - 61%. Өнеркәсіп өндірісіне - 15,3%, құрылысқа - 8,8% т и е д і .

Бас қаланың қызмет көрсетулер мен сауда саласы негізінен шағын бизнестің күшімен қалыптасуда. Жылда қалада шамамен 400-ге жуық дүкен, соның ішінде 394-і - тұрғын үйлердің бірінші қабаттарында, 69 қоғамдық тамақтандыру кәсіпорны, 120 қызмет көрсету кәсіпорнының объектісі, 62 дәріхана, 66 кеңсе ашылды.

1.7. Азық-түлікпен қамтамасыз ету және тұтыну рыногы

Қаланы азық-түлікпен қамтамасыз ету Астана қаласы мен Ақмола облысының ішкі ресурстарының да, сондай-ақ ауыл шаруашылығы шикізаты мен дайын өнімдерді Қазақстанның басқа аймақтары мен шетелден де әкелудің есебінен жүзеге асырылады. 1999 жылдан бастап импорттың құрылымында азық-түлік үлесінің төмендеу үрдісі байқалды. Тұрғын халықтың жалпы шығыстарында 1999 жылы азық-түлік тауарларын сатып алуға жұмсалған қаражаттың үлесінен 1998 жылғы 19,7%-ға қарағанда 30,3%-ы

ет және ет өнімдерін сатып алуға жұмсалды. Тұрғындардың мал майы мен май сатып алуға жұмсалған шығындары баға 28,5%-ға жоғарылағанда 12,6%-ға өсті. Тұрғындардың көкөніс пен жемістерге жұмсалатын шығындары олардың бағасы 13,7%-ға артуы кезінде 1,6 есе артты. Сүт және сүт өнімдерін сату салыстырмалы бағалармен алғанда 1,8 есе ұлғайды.

1999 жылы 1998 жылмен салыстырғанда қала рыноктарында ауыл шаруашылығы өнімдерін сатудың көлемі 1,6 есе өсті.

Азық-түліктің едәуір бөлігінің әлі де импорт арқылы түсуі жалғасуда. Мәселен, 1999 жылы тұтынылған еттің жалпы көлемінің 1,6%-ы, тиісінше сүт өнімдерінің 26%-ы, мал майының 12%-ы импорт бойынша жеткізілді.

1.8. Өндірістік инфрақұрылым

1.8.1. Көлік және байланыс

Ақмола темір жол станциясы Көкшетау-Қарағанды және Тобыл-Есіл-Ерейментау-Барнаул магистральдарының қиылысында орналасқан. Тораптың жүк тасқынының 95%-дан астамын транзитті жүк тасқыны құрайды. Астана қаласынан Қарағанды, Павлодар, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарына кара жамылғылы автомобиль жолдары шығады. Қаланың ұзындығы 536 км көше-жол желісінен асфальтталған және көркейтілген бөлігі 216 км ғана құрайды. Қазіргі уақытта, қалада 17 км шамасында негізінен қаланың ескі бөлігінде орналасқан жабық үлгідегі ақпа кәріз жүйесі жұмыс істейді.

Жолаушылар тасымалының негізгі көлемін 6 автобус, 11 таксомотор кәсіпорыны мен "Ақмолақалаэлектркөлігі" АҚ орындайды. 1999 жылы автомобиль көлігі кәсіпорындары 44,5 млн. жолаушы, ал 2000 жылдың 10 айында 55,2 млн. жолаушы тасымалдады. Автобустармен және маршруттік таксилермен тасымалдаулардың үлесі 88%, троллейбустармен - 12%.

1999 жылы темір жол көлігінен басқа көліктің барлық түрлерімен 6,5 млн. тонна жүк тасылды. Жүк тасымалдарын қалада он екі автокөлік кәсіпорны жүзеге асырды. 2000 жылы көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдарының көлемі бағалау бойынша 1999 жылмен салыстырғанда 5%-ға артады.

Бас қаланың әуежайы II-B сыныбына жатады. Әуежайдың өткізу қабілеті - сағатына 400 жолаушыға тең. Әуе көлігімен жүк тасымалдау бұрынғыдай шамалы ғана және 1999 жылы 0,4 мың тонна құрады. Қалада байланыс қызметін "Астанателеком" ААҚ жүзеге асырады. Қалалық телефон станциясы желісінің жалпы сыйымдылығы 74,9 мың нөмір құрайды, олардан 65,6 мың нөмір іске қосылған. Халықтың телефон байланысы қызметімен қамтамасыз етілуі 100 тұрғынға алғанда 19,7 бірлікті құрайды. Байланыстың ұялы, транкілі және басқа да жаңа түрлері дамытылуда. Қалада теледидар

хабарларының жалпыға бірдей қол жетерлік жеті бағдарламасы жұмыс істейді.

1.8.2. Электр және жылу энергияларын, газ бен суды өндіру және т а р а т у

Астана қаласын электрмен жабдықтау көздері ЖЭО-1 және ЖЭО-2-ның белгіленген жиынтық қуаты 256 Мвт құрайды. Стансалар Қазақстанның энергетика жүйесімен қосарлана жұмыс істейді. Жылу және электр жүктемелеріне сұранысты қанағаттандыру үшін жұмыс істеп тұрған электр және жылу желілері қайта жаңартуды және кеңейтуді талап етеді. Қалада қажетті инженерлік коммуникациялардың болмауынан немесе дайындық жүргізілмеуінен электрмен жабдықтау және жылумен жабдықтау көздеріне қосыла алмайтын объектілер жиі салынууда.

Қаланы жылумен жабдықтауды екі ЖЭО қамтамасыз етеді. Жабдыктардың жай-күйі қанағаттанарлық, бірақ жаз кезеңінде градирлердің жеткіліксіздігінен электр энергиясын өндірудің төмендеуіне жол беріледі. Қолайсыз топырақ және жер асты суларының жоғары деңгейі жылу құбырларының көпшілік бөлігінің жер үстінде орналасуын талап етеді. Қаланың орталығында салынған жылу коммуникациялары ебедейсіз және астананың сыртқы келбетін бұзып тұр. Сонымен бір мезгілде жер астымен жүргізілген жылу магистральдары қымбатқа түседі, өйткені ортаның қолайсыздығынан пайдаланудың нормативтік мерзімі сақталмайды және жиі а у ы с т ы р у д ы т а л а п е т е д і .

Бас қаланы сумен жабдықтаудың негізгі көзі жобалық көлемі 410 млн. текше метр Вячеслав су қоймасы болып табылады. Су қалаға екі суағармен беріледі.

Жалпы шаруашылық ауыз су мен техникалық суды тұтыну мынадай көздерден қамтамасыз етіледі: Вячеслав су қоймасының суы - 123,2 мың текше м/тәул. (75%); Есіл өзенінің суы - 39,6 мың текше м/тәул. (24%) және жер асты сулары - 1,2 мың т е к ш е м / т ә у л . (1 %) .

Астанадағы су тапшылығы оны суландыруға жұмсауды қысқартудың есебінен жабылуда. Нұра бассейніндегі жер бетіндегі және жерасты суларының үдемелі ластануына байланысты Нұра және Есіл өзендерінің бассейндерінде қаланы сумен қамтамасыз етудің тұрақты жүйесін жасау қажеттігі туындайды.

Сарқынды сулар 100 мың текше м/тәул. дейінгі мөлшерде механикалық және толық биологиялық тазарту кешенін қамтитын тазарту ғимаратына жіберіледі және одан әрі сыйымдылығы 65,6 млн. текше м сарқынды сулар жинаушы Талдықөлге ағызылады.

Ұзақ пайдаланылған тазарту ғимараттары қайта жаңартуды талап етеді.

1999 жылы МКК "Су арнасы тресі" су ресурстарын қорғауға және ұтымды пайдалануға 332 млн. теңге жұмсады: магистральдық желілерді, қайталама тұндырғыштарды, тұнба алаңдарын қайта жаңарту сүзгілік материалды ауыстыру жүргізілді.

1.9. Әлеуметтік даму

1.9.1. Халқы

1995 жылдан бастап 2000 жылды қоса алғанда, Астана қаласының халқы 48,6 мың адамға, соның ішінде 10 мың адамға қала шекарасының өзгеруіне байланысты өсті және 2000 жылдың 1 қазанына 332,4 мың адам құрады. Жалпы санының 64,4%-ы еңбекке қабілетті жастағы және 10,2%-ы еңбекке қабілетті жастан асқан тұрғындарды құрайды. Әйелдердің үлесі - 53,5%.

Халықтың өсуі негізінен, соңғы екі жылда 13 мыңнан астам адамды құраған облысаралық қоныс аударудың есебінен жүрді.

Экономиканың салаларында жұмыспен қамтылғандардың саны 1999 жылға 148,9 мың адам құрады және 1995 жылға қарағанда 24,1%-ға өсті. Жұмыспен қамту өнеркәсіпте - 10,8%, әлеуметтік инфрақұрылым мен қызмет көрсетулер саласында - 27,2%; құрылыста - 9,2%, көлік пен байланыста - 9,6%, әлеуметтік инфрақұрылымда және қызмет көрсету саласында - 27,2%, мемлекеттік басқаруда - 10,0% болды. Еңбекке қабілетті халықтың қалған бөлігі өздігінен жұмыспен қамтылғандарға жатады. Соңғы бес жылда қызмет көрсету салаларына ауысу арқылы өндірістегі жұмыспен қамтылғандардың саны 32%-ға қысқарды.

1999 жылдың аяғында ресми тіркелген жұмыссыздардың саны 3,1 мың адамды құрады.

1.9.2. Тұрмыс деңгейі

Орташа есеппен жан басына шаққанда халықтың ақшалай кірістері 1999 жылдың осы күніне алғандағы 6051 теңгеге қарағанда 2000 жылдың қыркүйегінде 7585 теңге құрады. Орташа есеппен жан басына шаққанда ақшалай кіріс ең төменгі күнкөріс деңгейінің көлемінен 1,7 есе асып түсті.

Халықтың ақшалай кірістері орташа республикалық деңгейден 76,8%-ға асып түсті.

Айлық орташа жалақының өсуі байқалады, ол 1995 жылмен салыстырғанда 2,5 есе өсті және 2000 жылдың қыркүйегінде 17378 теңге құрады. Ең жоғары орташа айлық жалақы қаржы қызметі саласында, өнеркәсіпте, құрылыста, көлік пен байланыста сақталуда.

Ақшалай шығыстар 1999 жылдың қыркүйегіндегі 5594 теңгеге қарағанда 2000

жылдың қыркүйегінде 6615 теңге құрады. Азық-түліктік емес тауарларды сатып алуға арналған шығыстардың үлес салмағының жалпы төмендеуі жағдайында қызмет көрсетулерге ақы төлеу және тамақ өнімдерін сатып алуға байланысты шығындар үлесінің 3,8%-ға артуы жүруде, ол тұтасымен алғанда Астана қаласында тұрмыс құнының жоғарылағанын сипаттайды.

Кедейлік шегінен төмен тұратын адамдардың саны өсті. 1999 жылмен салыстырғанда ол 1,3 мың адамға артты және 12,2 мың адамды құрады. Оларға орташа мөлшері 1012 теңге құрайтын атаулы әлеуметтік көмек және 1365 теңге сомасында тұрғын үй көмегі көрсетіледі.

Қалада, қазіргі уақытта 32,0 мың адам жасына байланысты зейнетақы, 10,3 мың адам мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, 15,1 мың адам арқылы мемлекеттік жәрдемақы және 10 мың адамнан астам балалар және тұрғын үй жәрдемақысын алады.

1.9.3. Білім беру және ғылым

Білім беру жүйесін оңтайландырудың және қайта құрылымдаудың нәтижесінде мектепке дейінгі тұрақты мекемелердің саны 1995 жылдан 1999 жылды қоса алғанда 69-дан 42-ге дейін, ал олардағы балалар құрамы 9919-дан 7559-ға дейін қысқарды. Қолда бар барлық бақшалар толық, алайда мектеп жасына дейінгі балалардың қамтылуы 47% құрайды.

Орта мектептер 16 мың оқушыны сыйымдылық нормасынан артық қабылдаған және екі-үш ауысымда жұмыс істейді. Жекелеген мектептерде сыныптардың толықтырылуы 35-38 балаға жетіп отыр.

2000 жылы жетім балалар үшін "SOS Киндердорф" балалар деревнясы пайдалануға берілді. Қалада орта және жалпы білім беретін 10 мемлекеттік емес ұйым жұмыс істейді, оларда 722 бала оқиды.

Мемлекеттік кәсіптік-техникалық мектептердің саны 5, ондағы оқушылар құрамы - 1870. Қалада 6 мемлекеттік және 12 мемлекеттік емес коллеждер бар. 2000 жылы олардағы оқушылар құрамы 3,5 мыңнан астам оқушыны құрады.

1.9.4. Денсаулық сақтау

Медициналық қызмет көрсету саласында соңғы екі жылда оңтайландырудың нәтижесінде емдеу мекемелері санының өзгеруінсіз аурухана төсектерінің саны 4,5 мыңнан 4,0 мыңға дейін қысқарды. Астана қаласы бойынша кепілдендірілген медициналық көмектің көлемі 1999 жылы республикалық және ведомстволық құрылымдарды қоса алғанда, 1331,7 млн. теңге құрады, 2000 жылы ол 1821,2 млн. теңге құрайды. Олардың көлемі тұтасымен алғанда, қала бойынша 200 млн. теңгеге жуық құрайтын халыққа ақылы қызметтер көрсету саласын кеңейту жөніндегі жұмыс

ж а л ғ а с т ы р ы л у д а .

1.9.5. Тұрғын үй құрылысы және тұрғын үй рыногы

Соңғы жылдарда тұрғын үй құрылысына тартылатын инвестициялардың көлемі едәуір өсті. Егер 1995 жылы тұрғын үй құрылысына 862,3 млн. теңге жұмсалса және бұл ретте 43,9 мың шаршы м жалпы тұрғын үй көлемі іске қосылған болса, ал 1999 жылы тұрғын үй құрылысына 6206 млн. теңге жұмсалды және 122,3 мың шаршы м тұрғын үй пайдалануға берілді. 2000 жылдың 1 қарашасына алғанда тұрғын үй инвестицияларының көлемі 6990,5 млн. теңге, ал пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 131,1 шаршы метр құрады. Бұл ретте, құрылыстың қарқыны халықтың өсімінен а р т т а қ а л ы п о т ы р .

Салынып жатқан тұрғын үйлердің негізгі көлемін (75,6%) мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдар пайдалануға беруде. Халықтың тұрғын үй құрылысына тартылған инвестициялары төмен деңгейде қалуда және пайдалануға берілген жалпы тұрғын үй көлемінің шамамен 14%-ын құрайды.

1.9.6. Мәдениет және спорт

Қаланың мәдениет мекемелерінің желісі 3 театрдан, 3 сарайдан - Конгресс-холл, "Жастар сарайы", Салт-дәстүрлер сарайы, 3 мұражайдан 19 кітапханадан, кинотеатр мен кино қондырғыларының желісінен тұрады.

Спорт объектілері 2 стадионнан 8 спорт кешенінен, және олардың санын одан әрі кеңейтуді және сапасын арттыруды қажет ететін спорт залдары мен алаңдарынан т ұ р а д ы .

1.9.7. Туризм

1997-1999 жыл кезеңінде қызмет көрсетілген туристердің екі есе артуынан және көрсетілген туристік қызметтер көлемінің он есеге жуық ұлғаюынан көрінетін келуші және ішкі туризмнің едәуір өсуі байқалады.

Осы кезеңде Астанада 27 туристік фирма жұмыс істейді. Қала туризмнің дамыған инфрақұрылымына ие: жайлылығы әртүрлі 16 мейманхана, мәдениет объектілері, ойын-сауық кешендері қызмет көрсетеді. Тамақтандыру кәсіпорындарының, соның ішінде 200-ге жуық дәмханалар мен мейрамхана, қызмет көрсету салаларының - шаштараздар, сауналар, дәріханалар және т.с.с. кең желісі жұмыс істейді.

Аймақ халқы үшін негізгі демалыс орны Щучинск-Бурабай курорттық аймағы болып табылады. Мұнда 1700 орындық 9 ірі санаторий мен демалыс үйі, 300 орындық 10 маусымдық демалыс базасы және 150 орындық коттедж үлгісіндегі үйлер

орналасқан. 500 орындық жазғы балалар сауықтыру лагері бар.

1.10. Аймақаралық байланыстар

Қазіргі уақытта, Астана қаласында іс жүзінде Қазақстанның барлық аймағынан 95 ірі және орта, сондай-ақ 300-ден астам шағын құрылыс ұйымы жұмыс істейді. Жұмыс істейтін құрылыс фирмалары мен компанияларының ең көбі Алматы қаласы мен Алматы, Қарағанды, Қостанай, Павлодар және Ақмола облыстарынан.

Ауқымды құрылыс өз кезегінде цемент, кірпіш, металл конструкцияларын, ағаш шеберлігі бұйымдарын, басқа құрылыс материалдары мен конструкцияларын, электротехникалық және кабельдік өнімдерді шығаратын республиканың құрылыс индустриясы кәсіпорындарының жандануына және толық қуатымен жұмыс істеулеріне әкетілген материалдық-техникалық ресурстар мен жинақтаушы материалдардың едәуір көлемін жеткізуді талап етті.

Мәселен, Астана қаласы тапсырыстарының арқасында "Миллениум" галереясы, Шағын бизнестің сервис орталығы. Эллинг, судан құтқару стансасы және жабық рынок сияқты объектілерге негізгі конструкцияларды жеткізген Теміртау қаласындағы "Техол" зауытында өндіріс жанданды.

2. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Осы бағдарламаның негізгі мақсаты Астана қаласының Қазақстанның әкімшілік-іскерлік орталығы ретінде үйлесімді дамуы жөнінде шаралар кешенін әзірлеу бас қаланың елдің әлеуметтік-экономикалық және рухани өміріндегі топтастырушылық ролін арттыру болып табылады.

Астана қаласының - Қазақстан Республикасы бас қаласының гүлденуі: инновация және бәсекелестік қабілетті арттыру саласында жеке меншік сектордың қызметіне қолайлы жағдай жасайтын іскерлік ахуал туғызуға; ең жаңа технологиялар жасауды көтермелеуге; өнеркәсіпті қолдау үшін қажетті инфрақұрылымды дамытуға; білімге және ақпаратқа негізделген қазіргі заманғы жылдам өзгеретін экономикада табысты жұмыс істеуге қабілетті жұмыс үшін қалыптастыруға бағытталған мүлде жаңа экономикалық саясатты дәйекті және батыл жүргізуді көздейді.

Ұзақ мерзімді экономикалық өсуді қамтамасыз ету оған тек қаланың ғана емес, бүкіл елдің де орасан зор қаржылық, материалдық және адами ресурстарын, экономикалық, ғылыми-техникалық және кадрлар әлеуетін тарту және ұтымды пайдалану арқылы қаланың бірыңғай басты жоспары мен әлеуметтік-экономикалық дамуының ұзақ мерзімді бағдарламасының негізінде бүкіл функционалдық және қаланы құрау құрылымдары, тіршілікті қамтамасыз ету жүйесін түбегейлі қайта құрғанда ғана мүмкін болады.

Астана қаласының функционалдық және қаланы құрау құрылымдары, тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің деңгейі қазіргі заманғы астаналық қалалардың әлемдік стандарттарына сай болуы және тіршілік ету мен өндіріс үшін жақсы жағдайларды қамтамасыз етуі тиіс. Оның бүгінгі жай-күйі, тіпті, сәулеттендіру мен қала құрылысы жөніндегі жұмыстардың істелген зор көлемін ескергеннің өзінде болашақ деңгейімен салыстыруға келмейді. Қала тіршілігін қамтамасыз ету жүйесінің тозған материалдық-техникалық базасы толығымен ауыстыруға және қаланың басты жоспарына сәйкес мүлде өзгеше техникалық, экономикалық, экологиялық, сәулеттік, ұйымдастырушылық шешімдердің негізінде жаңадан жоспарлануы тиіс. Мұндай ірі ауқымды және ресурсты қажетсінетін проблема кешенді ұзақ мерзімді бағдарламалық-мақсатты шешімді қажетсінеді, оның бастапқы кезеңдері осы Бағдарламада негізделген.

Бесжылдық бағдарламада қаланың болашақ сыртқы келбеті мен бейнесін, оның перспективалық функционалдық және қала құрау құрылымын ескере отырып әлеуметтік-экономикалық даму бөлігінде бүкіл көпқырлы, күрделі және кең ауқымды жұмыстың негізін қалау көзделеді.

Осы Бағдарлама Астана қаласы басты жоспарының әкімшілік, іскерлік, ғылыми-білімдік, әлеуметтік-мәдени және бизнес орталықтары сияқты қала құраушы құрылымдарды қамтитындығын ескереді. Міндет Қазақстан астанасының қабылданған функционалдық-салалық құрылымына сәйкес оларды әлеуметтік-экономикалық мазмұнмен толықтыруда болып отыр.

Бағдарлама Астана қаласының сол бір болашақтағы кеңінен әртараптандырылған, тиімді жұмыс істейтін және жылдам өзгертін әлеуметтік-экономикалық жүйесінің іргетасын қалауды көздейді. Бұл ретте қаланың функционалдық-салалық құрылымымен өндірістік-әлеуметтік инфрақұрылымы, тіршілікті қамтамасыз ету жүйелері сыртқы бейнесімен, барлық атрибуттарымен, қала құрау құрылымымен және сәулеттік-техникалық шешімдердің деңгейімен қатаң үйлеседі.

Бұл оның іске асырылуы кемінде 30-40 жылды талап ететін, қазақстандық бас қаланың әлеуметтік-экономикалық жүйесін дамытудың және қалыптастырудың түпкілікті мақсатына жетудің бірінші кезеңі.

Негізгі міндеттер Бағдарламаның ерекшелігінен және мақсатының мазмұнынан туындайды және осы мақсатқа жету үшін қажетті экономикалық, әлеуметтік, саяси, экологиялық, ұйымдастырушылық, ғылыми-білімдік және әлеуметтік-мәдени шаралардың кешенін әзірлеуді көздейді.

Осы Бағдарламаның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:
қала экономикасының функционалдық-салалық (өндірістік) құрылымы мен басымдықтарын айқындау және негіздеу;
әлеуметтік саланың құрылымы мен қаланың әлеуметтік инфрақұрылымын айқындау және негіздеу;

қаланың өндірістік инфрақұрылымы мен тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерін дамыту мен қалыптастырудың бағыттарын айқындау және негіздеу;

Астана қаласының перспективалық аймақаралық байланыстарын дамыту мен қалыптастырудың бағыттарын айқындау және негіздеу;

мультипликативтік нәтиже пайда болуының есебінен Астана қаласын дамытудың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалын негіздеу;

Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған негізгі көрсеткіштерін болжау.

Осы міндеттерді шешу үшін Бағдарламада ағымдағы міндеттерді іске асыру үшін де , сондай-ақ қаланың перспективасы үшін де маңызы бар шаралар қарастырылған.

3. Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі б а ғ ы т т а р ы

3.1. Қала құрылысы саясатының кейбір жалпы мәністері

Қала құру құрылымы. Орта мерзімді перспективада Астана қаласын жоспарлаудың және салудың Бас жоспарына сәйкес оның аумағында дамыған елдер астаналарының стандарттарына сай келетін астаналық орта құруға мүмкіндік беретін әкімшілік, іскерлік, әлеуметтік-мәдени, ғылым-білімдік және бизнес орталықтары салынатын б о л а д ы .

Әкімшілік орталық аймағында Қазақстан Республикасы Президентінің, ел Парламенті мен Үкіметінің Резиденциялары орналастырылатын болады.

Іскерлік орталықта компаниялардың, қаржы институттарының кеңселері, сауда орталықтары, мейманханалар, қонақ үйлер, көрме, жәрмеңке залдары және басқалары о р н а л а с т ы р ы л а д ы .

Әлеуметтік-мәдени орталық театрлар, мұражайлар, демалыс аймақтары, спорт және ойын-сауық ғимараттарының жүйесін қамтитын болады.

Ғылым-білім орталығын университеттер, институттар, колледждер, мамандандырылған лицейлер мен кәсіптік мектептер құрайды.

Бизнес-орталықта өздерінің сауда, қызмет көрсету салаларының объектілерімен және көрме, жәрмеңке және өзге де залдарымен шағын және орташа кәсіпкерліктің субъектілері т а н ы с т ы р ы л а т ы н б о л а д ы .

Өнеркәсіптік белдеу қаланың шетінде, сондай-ақ көбінесе қала маңында о р н а л а с а д ы .

Азық-түлік белдеуі қала маңындағы ауыл шаруашылығы аудандары мен қала шегінде орналасатын тамақ өнеркәсібінің кәсіпорындарын қамтитын болады.

Рекреациялық аймақ қала маңындағы аймақта және Щучинск-Бурабай аймағында т ы ғ ы з о р н а л а с а д ы .

Астана қаласын бірнеше миллион халқы бар көп профильді үлкен қалаға

айналдыруға тырысудың қажеттігі жоқ. Астана қаласы үшін бұл барлық тұрғыдан: жұмыспен қамту, тұрғын үймен, өмірлік маңызы бар ресурстармен қамтамасыз ету, экология және т.с.с. тиімді емес.

Қазақстан астанасының халқы ұзақ мерзімді перспективада 500-700 мың адамнан аспауға тиіс, бұл республиканың болашақ халқының 3-4%-ын, орта мерзімді перспективада, яғни 2005 жылға дейін - 380-390 мың адам құрайды.

Өнеркәсіпті көбінесе шағын және орташа кәсіпорындар, соның ішінде ғылымды қажетсінетін салалар, жоғары технологияның салалары құрайтын болады. Қалада өндірісті нүктелік шоғырландыруға жол берілмейді, өндірісті аумақтық шоғырландыру ынталандырылады. Өнеркәсіпті дамытудың осындай стратегиясы астананың әкімшілік-іскерлік функцияларына қайшы келмейді.

Қалалық ортаны экологиялық сауықтыру. Қаланың қордаланған экологиялық проблемаларын шешуді жылу жүйесін, ыстық сумен жабдықтауды және тамақ дайындауды энергияның экологиялық таза көздерін пайдалануға көшірудің есебінен жүзеге асыру көзделеді.

Көлік құралдарының қоршаған ортаға зиянды ықпалын азайту жол қозғалысының жағдайларын жақсартуға, экологиялық қауіпсіз автокөліктің санын арттыруға, халықтың арасында экологиялық білімдерді насихаттауға, көлікке қызмет көрсету жөніндегі қызметтер саласын дамытуға негізделетін болады. Әуежаймен қатынасты қоса алғанда, қаланың негізгі магистралдық күре тамырлары бойынша шапшандатылған трамвай жолдарын салу, Астана қаласының айналасында айналма жол салуды аяқтау жобалануда.

Жұмыс істеп тұрған тазалаушы ғимараттарды кеңейту және қайта жанарту суағарларды толық биологиялық тазартуды, оларды тереңінен толық тазартуды, суағарларды пайдаланудың және бұрудың мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді. Оның қала аумағы құрылысының аймағына енгізілуіне байланысты жинаушы-бөгет Талдыкөл жойылуға жатады. Қаланың аумағын кешенді экологиялық-геохимиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру қажет.

Көлемді орман паркі аймағын құру қатал қысқы желдер мен жазғы шаң борандары сияқты қолайсыз табиғи факторларды әлдеқайда жұмсартуға мүмкіндік береді. Шамамен 25 мың га аумаққа ағаш отырғызу көзделеді.

Астананы көгалдандыру үшін ағаштардың аудандастырылған жылдам өсетін тұқымдары қолданылатын болады, қаланың көшелері мен бос жатқан аумақтарында гүлзарлардың алаңдарын одан әрі кеңейту көзделуде.

Есіл өзені аймағындағы кеңістіктерді көркейту мен көгалдандыру экологияны, жапсарлас аумақтың микроклиматын жақсартуға ықпал ететін болады және тұрғындардың демалысы үшін көлемді аймақ құрайды. Есіл өзенінің арнасын тазарту және түбін тереңдету жөніндегі жұмыстар жүргізілетін, оның арнасы бойынша

санитарлық аймақ құрылатын болады.

Қаланың сол жағалауындағы құрылыстарды егжей-тегжейлі жоспарлаудың жобаларын әзірлегенде және іске асырғанда аумақтарды су басудан қорғау жөніндегі шаралар көзделетін болады.

3.2. Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық жүйесін қалыптастырудың және дамытудың негізгі принциптері

Егемен Қазақстанның жаңа астанасының әлеуметтік-экономикалық жүйесін

қалыптастыру және дамыту мынадай негізге алынатын принциптердің негізінде жүзеге асырылуы тиіс:

түпкілікті мақсатқа бағыттылығы және қалыптасу мен дамудың кезеңділігі;

әлеуметтік-экономикалық жүйенің тиімділігі;

прогресшілдік;

тауар өндірушілердің ішкі және сыртқы рыноктардағы жоғары бәсекелестік қабілеті;

дамудың үдемелі үлгісі;

қала экономикасының ашықтығы және сыртқы экономикалық қызметтік жоғары ырықтандырылымдығы;

экономикалық қауіпсіздігі;

оның теріс пиғылды бәсекелестіктен сенімді қорғалуы;

өндірістер мен тұтыну тауарларының экологиялылығы, қоршаған ортаның ластанудан қорғалуы;

елдің қалалары мен аймақтары жүйесіндегі жетекшілігі.

Гүлденген қала болуға ұмтылушы, Астана қаласы үшін әлеуметтік- экономикалық жүйені қалыптастыру мен дамытудың осы принциптерін іске асыру төтенше күрделі міндет. Олардың әрқайсысы көпнұсқалы, ал жиынтығында олар қарама-қайшылықты. Осыған байланысты қолдағы ғылыми-техникалық және кадрлар әлеуетін, қаржылық және материалдық ресурстарды ескере отырып теңгерімді шешімдер табу қажет.

Бұл принциптердің мәні мынада:

Түпкілікті мақсатқа бағыттылығы және қалыптасу мен дамудың кезеңділігі. Астананың дамуы және түпкілікті қалыптасуы ұзақ мерзімдік процесс болып табылады және ол тек кезең-кезеңімен жүзеге асырылады, өйткені бұл міндетті бір актілі іс-қимылмен шешу мүмкін емес. Осыған байланысты астананың дамуы мен

қалыптасуының әрбір кезеңі Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық жүйесінің түпкілікті шегі мен құрылымдарына бағытталуы тиіс.

Әлеуметтік-экономикалық жүйенің тиімділігі. Бүкіл әлеуметтік-экономикалық жүйе пайдамен жұмыс істеуі, ол қосылған құны оң және жоғары салалар мен өндірістерден тұруы тиіс. Қала бюджетінің тапшылығы төмен болады, кірістер оның қазіргі заманғы үлгідегі астана ретіндегі даму бағдарламасынан туындайтын қаланың қажеттіліктерін ж а б а т ы н б о л а д ы .

Прогресшілдік. 2005 жылға дейінгі кезеңде төлеуге қабілетті сұраныстың әлсіздігіне, елде әлі экономиканың тұрақты өсуінің болмауына байланысты негізінен республика ішіндегі рыноктың қажеттіліктерін ескере отырып, оларды қайта бейімдеу арқылы қалада жұмыс істейтін өндірістік қуаттарды тиімді пайдалануға және сауықтыруға бағытталған шаралар белгіленуде.

Сол бір мезгілде осы принципке сәйкес экономиканың құрылымы шағын және орташа кәсіпорындардың шеңберінде түпкілікті ғылымды қажетсінетін, жоғары технологиялы өнім шығаратын өндірістердің үлесін өсіреді, қалада ірі тоннажды және ірі габаритті өнімдер, экологиялық жағынан "лас" өнімдерді өндіруге рұқсат етілмейді. Әлеуметтік-өндірістік инфрақұрылым, қаланың тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі озық техника мен прогресшіл технологияларға, алдыңғы қатарлы ғылыми-техникалық идеяларды тудыруға көбірек негізделуде.

Әлеуметтік жүйе барған сайын денсаулық сақтаудың қазіргі заманғы жүйесімен республиканың қазіргі заманғы ғылым-білімдік, мәдени орталығына айналатын болады .

Тауар өндірушілердің жоғары бәсекелестік қабілеті. Экономиканың ғаламдану және халықаралық экономикалық бәсекелестіктің өсуі, ұлттық экономиканың ашықтығы және мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметінің жоғары ырықтандырылуы жағдайында астаналық тауар өндірушілер ішкі рынокта да, сол сияқты сыртқы рынокта да жоғары бәсекелес болулары тиіс.

Бұл үшін оларда бағдарламалық-ақпараттық элементтердің жоғары үлес салмағымен бір ақпараттық технологиялардан басқаларына кірісу мүмкіндігін жасауға қаншалықты бағдарланса жекелеген бәсекелес тауарлар шығарудың өсуіне с о н ш а л ы қ т ы б а ғ д а р л а н а д ы .

Еңбек өнімділігінің және ресурс сақтаудың үздіксіз өсуі, нағыз прогресшіл технологияларды енгізу және қазіргі заманғы ғылыми-техникалық жетістіктерді кеңінен пайдалану астаналық тауар өндірушілердің девизіне айналуға.

Даму үлгісінің үдемелілігі. Қаланың тауар өндірушілері мен ғылыми- техникалық

құрылымдар ғылыми-техникалық және технологиялық әзірleme мен олардың нәтижелерін жедел пайдалану саласында белсенді үдемелі саясат жүргізуде. Олар тек озық идеялар мен ғылыми-техникалық зерттемелерге, яғни дамудың инновациялық үлгісінің басымдығын сипаттайтын экономиканы жоғары технологиялық жаңғыртуға бағдарланады.

Бұл үшін қажетті жағдайлар мен ресурстар енді бүгін туындауда, ал болашақта ұлғаяды. Біріншіден, ел экономикасы экономикалық өсу жолына түсті, ол отандық тауар өндірушілердің өздерінің материалдары мен шикізатын кеңінен пайдалану үшін үлкен қаржылық және материалдық мүмкіндіктер, қолайлы жағдайлар жасайды.

Екіншіден, енді дүниежүзінің ең дамыған елдерінің алдыңғы қатарлы оқу орындарында оқыған жоғары білімді және жоғары білікті жас кадрлар бар. Бұдан басқа, дүниежүзінің алдыңғы қатарлы университеттерінің үлгісі бойынша енді өз оқу орындарын ұйымдастыру үшін де - ең алдымен Астана қаласында жағдайлар жасалған.

Үшіншіден, астаналық қаланың мәртебесі және оның дамуында мемлекет қолданатын қолдампаздық жас, білімді, жоғары білікті адамдарды атақ құмарлық мақсаттармен Астана қаласына үлкен мөлшерде сөзсіз тартады.

Төртіншіден, континенті мен орналасқан жеріне қарамастан барлық компьютерлендірілген жұмыс орындарын біріктіруге мүмкіндік беретін, жаңа компьютерлік техникаға, технологиялар мен бағдарламалық құралдарға негізделген ғаламдық ақпараттық жүйе (Интернет) шағын бизнесті қоса алғанда, кез келген бизнес үшін кез келген идеялар мен ғылыми жетістіктерді, инновациялық жобалар мен өнімдерді кеңінен қол жетерлік етеді.

Астана қаласын дүниежүзінің дамыған астаналарының қатарына оның экономикасын дамытудың қуып жетуші емес, тек үдемелі үлгісі ғана шығарады.

Қала экономикасының ашықтығы және сыртқы экономикалық қызметті ырықтандыру.

Экономикалық өсуге әкелетін ең жақсы жол - бұл қаланың ашықтығы, сыртқы экономикалық байланыстардың ырықтандырылымдығы. Экономиканың ғалами сипат алуы жағдайында қаланың оқшаулануы оның гүлденуіне зиян келтіреді. Сондықтан қалада тауарлар мен қызметтерді экспортқа жылжыту үшін ең қолайлы жағдайлар жасалауда.

Қаланың экономикалық қауіпсіздігі. Қаланың экономикалық қауіпсіздігі энергетикалық, азық-түлік және көлік қауіпсіздіктерімен қамтамасыз етіледі. Ол энергияны, азық-түлікті немесе оны өндіру үшін шикізатты, көлік қызметін алу көздерінің сенімділігінен, жеткілікті көлемде және талап етілетін сапада алынуынан көрінеді.

Жүйенің жат пиғылды бәсекелестіктен және заңға қайшы іс-әрекеттерден сенімді

қорғалуы. Астана экономикасының ашықтығы және сыртқы экономикалық байланыстарының жеткілікті жоғары ырықтандырылуы экспорттаушылар мен импорттаушылар демпингтік бағаларды пайдаланғанда, сапасы төмен тауарлар жеткізгенде, қаладағы өздерінің бәсекелестеріне қарсы заңға қайшы іс-әрекеттерді жүзеге асырғанда қорғаныс шараларын қолданудан бас тартуды көздемейді. Мұндай жағдайларда уәкілетті органдар демпингке қарсы, монополияға қарсы, өтемақылық және басқа да шараларды қолданады.

Өндірістің және тауарлар мен қызметтерді тұтынудың экологиялылығы. Бұл принцип қалада экологиялық жағынан жеткілікті таза өндірістерді дамыту, экологиялық жағынан жеткілікті таза өнімдер шығару жолымен іске асырылады. Ұсынылып отырған жоғары технологиялы, ғылымды қажетсінетін өндірістер, қалада ірі кәсіпорындарды және өнеркәсіп алыптарын орналастырудан бас тарту осы талапқа ең үлкен мөлшерде жауап береді.

Қазір қалада қоршаған ортаның ластану көздері болып табылатын салаларда шикізаттың, материалдар мен технологиялардың жаңа түрлері пайдаланылады. Қала қоқысын жинаудың және шығарудың, қала көшелерін тазалаудың жаңа тәсілдері мен құралдары қолданылады.

Қаланы көгалдандыру және оның айналасына ағаштар отырғызу жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Астана қаласының елдің қалалары мен аймақтары жүйесінде жетекшілігі. Астана әлеуметтік-экономикалық дамуда, жоғары технологиялық, ғылымды қажетсінетін салалар мен өндірістерді, жаңа "олқылықтарды жою" идеяларын игеруде және дамытуда көш басшылықты жеңіп алуда.

Астана қаласы таяу болашақта жаңа индустриалдық (индустриалданудан кейінгі) режимде жұмыс істейтін және дамитын және өсу полюсі болады.

3.3. Бюджет саясаты

Бюджет саясаты республика астанасының экономикалық және саяси дамуының негізгі факторларының бірі болады. Ол қала экономикасына мемлекеттік ықпал етудің аса маңызды құралы болып есептеледі.

Қаланың салық бюджет саясаты саласында:

салықтық әкімшілік етуді жақсарту және көлеңкелі экономиканың деңгейін төмендету негізінде салық салынатын базаны кеңейтудің, сол сияқты салықтардың жиналуын арттырудың есебінен қаланың бюджетіне түсімдер сомасын тұрақты ұлғайту ;

қала бюджетінің кіріс бөлігінің 2005 жылға 2000 жылмен салыстырғанда 1,5 есе нақты ұлғайтын қамтамасыз ету;

қалалық бюджеттен қалалық билік органдары жүргізетін іс-әрекетке тиесілі шығыстарды ғана қаржыландыру;

өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым саласындағы басымдықты салалар мен өндірістерде тек инвестициялық жобалар үшін муниципальдық облигациялар шығару;

бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру үшін қарыз алудың мөлшерін оларға қызмет көрсетуге арналған шығыстардың бюджет шығыстарының 15%-дан артық емес лимитінде бюджеттің жылдық кірістерінің 20%-ынан аспайтын жиынтық борышпен шектеу бюджеттік қаражатты қалыптастырудың және пайдаланудың ашықтығын қамтамасыз ету;

қарыз алушылардың бюджеттік қаражатты қайтаруын және олардың пайдаланылу тиімділігін бақылауды қамтамасыз ету жоспарлануда.

Қалалық бюджеттен бөлінетін инвестициялардың жалпы мөлшері 2005 жылға 1,8 есе өсуі және барлық шығыстардың 44%-ын құрауы тиіс.

3.4. Инвестициялық қызмет

Экономикалық өсудің негізгі факторы нақты экономикаға тартылатын инвестициялар болып табылады.

Инвестициялық саясаттың негізгі міндеттері:

өздерінің өкілеттігі шегінде қалада іскерлік және инвестициялық климатты жақсарту жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу және қабылдау, отандық және шетелдік инвесторлар үшін Тартымды жағдайлар жасау; жеке меншік инвестицияларды, соның ішінде қала экономикасының басым

салаларына тікелей шетелдік инвестициялар тартуды ынталандыру;

мемлекеттің қаланың инфрақұрылымын қаржыландыруға қатысуы болып табылады.

Қалада қолайлы іскерлік және инвестициялық климат:

қалада әлеуметтік-саяси тұрақтылықты сақтау;

қалада экономиканың жұмыс істеу режимдерін ырықтандырудың ашықтығын және оны тереңдетуді қамтамасыз ету;

елде қабылданған Заңдарды қатаң сақтау және олардың үстемдік құруын қамтамасыз ету;

қаланың өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту;

сыбайлас жемқорлыққа және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күресті күшейту;

бәсекелестікті қолдау және бәсекелестік ортаны дамыту;

қала аумағында инвестицияларды қорғау және кепілдендіру туралы халықаралық шарттарды мүлтіксіз сақтау;

тапшылығы төмен бюджет саясатын, берешектерге уақытылы қызмет көрсетуді жүзеге асыру;

басымдықты салалар мен өндірістер құруға жер учаскелерін жеңілдікті шарттармен беру;

инвестициялық қатерді азайту және сақтандыру жолымен қалыптастырылатын болады.

Осы шаралар қала экономикасына жұмсалымдарды капиталды шетелге шығарғаннан гөрі тиімді етеді.

Қала әкімі дәстүрлі инвестициялар көздерін кеңейту және жаңаларын тарту мақсатында:

акционерлік капиталды тартуға, қала кәсіпорындарының корпоративтік бағалы қағаздар шығаруына және олардың айналым рыногын дамытуға;

аймақтық инвестициялық жобаларды қаржыландыруға байланысты жергілікті атқарушы органның облигацияларын шығаруға;

жылжымайтын мүлік, әсіресе жер учаскелерін сату рыногын қалыптастыруға және дамытуға;

шағын кәсіпорындардың қызметін инвестициялау үшін жалпы қосылған құнның 3-3,5%-ы мөлшерінде жергілікті бюджеттің қаражатын бағыттауға;

қалада шетелдік капиталдың қатысуымен ғылымды қажетсінетін және жоғары технологиялар салаларында бірлескен кәсіпорындар құруды және дамытуды ынталандыруға;

қаланың өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту үшін тікелей шетелдік инвестицияларды ынталандыруға, халықаралық қаржы институттары мен ұйымдарының, шетелдік мемлекеттердің заемдары мен несиелерін тартуға мүмкіндік туғызатын болады.

Тұтасымен алғанда мемлекет капиталды қажетсінетін және жеке меншік инвесторлар үшін тартымды емес өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның объектілерін өзіне алады, "тіршілікті қамтамасыз ететін" салалар мен өндірістерді инвестициялау мен қолдауда, мемлекеттік кепілдіктер беруде тікелей үлестік қатысуды пайдаланады. Бұл шаралар қатерлерді төмендетуге және капитал жұмсалымының тиімділігін арттыруға мүмкіндік туғызады.

Бұл ретте республикалық және қалалық билік органдарының арасында инвестициялық өкілеттіктерге айқын шек қою: республикалық органдар жалпы мемлекеттік, республикалық маңызы бар объектілерді, ал қалалық органдар - қалалық маңызы бар объектілерді инвестициялайды.

2001-2005 жылдардағы кезеңге негізгі капиталға тартылатын инвестициялар 2001 жылы 68 млрд. теңгеден 2005 жылы 113 млрд. теңгеге дейін өседі. Бұл ретте, шетелдік инвестициялардың өсімін 2005 жылға 2 есе өседі және олардың жыл сайынғы көлемі 150 млн. АҚШ долларына дейінгі мөлшерді құрайды. Олар негізінен қызмет көрсету

саласына, мейманхана және мейрамхана бизнестеріне, сондай-ақ жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларға бағытталатын болады.

3.5. Сыртқы экономикалық қызмет

Сыртқы экономикалық қызмет меншікті өнімнің экспортын 2005 жылы 2000 жылмен салыстырғанда 39,9%-ға арттыруға бағытталатын болады. Экспорттың негізгі өнімі бұрынғыша астық дақылдары және оларды өңдеуден алынған өнімдер болып қала береді. Қара және түсті металдар (металл сынықтары) экспортын 1999 жылғы деңгейде сақтау жөнінде шаралар қолданылатын болады.

Астана қаласының экономикалық даму бағдарламасына сәйкес экспорттық тауарлардың номенклатурасы:

машина жасаудың өнімдері (жартылай вагондар мен платформалар, ауыл шаруашылығы техникасы);

ұлттық өнімдерді қоса алғанда, тамақ өнеркәсібінің өнімдері;

тұрмыстық электр техникасы;

тігін өнеркәсібінің өнімдері, соның ішінде ұлттық және спорттық киімдері;

құрылыс индустриясының өнімдері;

кәдесый бұйымдары есебінен кеңейтіледі.

Неғұрлым ықтимал әлеуетті рыноктар Ресей және Орталық Азия елдері болады.

Астана қаласының астаналық инфрақұрылымының даму шамасына қарай экспорттық туризм дамитын болады.

Бизнес-орталықтың, ал кейіннен технопарктің жандануы нәтижесінде жаңа технологиялар мен тауарлар экспортының, соның ішінде алыс шетел елдеріне де мүмкіндігі пайда болады.

Импорттық жеткізілімдер негізінен мұнай өңдеу өнімдері, отандық өнеркәсіп өндірмейтін машиналар мен жабдықтар түрінде болады.

3.6. Өнеркәсіп

Өнеркәсіптің 2005 жылға дейінгі кезеңде дамуы көбінесе астананың қажеттіліктерін қамтамасыз етуге байланысты салаларға бағдарланған күйінде қалады. Оларға бірінші кезекте, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және құрылыс материалдары мен конструкциялары өнеркәсібі жатады.

Алайда 2001 жылдан бастап Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық жүйесін

дамытудың және қалыптастырудың баяндалған негізгі принциптеріне сәйкес оның тиімділігін арттыруға, өнімнің ішкі және сыртқы рыноктардағы бәсекелестік қабілетін арттыруға бағытталған, қаланың өнеркәсіп өндірісін құрылымдық қайта құрулар басталуы тиіс. Бұл ретте өнеркәсіптің дамуы көбінесе неғұрлым ұтқыр және қайта бағдарлауға ыңғайлы шағын және орташа кәсіпорындарға бағдарлануы көздейді, ол үшін жұмыс істеп тұрған өндірістерді саралау және жаңа өндірістер құру талап етіледі.

Т а м а қ ө н е р к ә с і б і

Тамақ өнеркәсібінің негізгі міндеті Астана қаласы халқының тамақ өнімдеріне қажеттіліктерін неғұрлым толық қанағаттандыру, қала ішінде тұтыну, аймақаралық айырбас және экспорт үшін түпкілікті бәсекеге қабілетті өнім өндірудің ассортименті мен көлемін кеңейту болып табылады.

Күнделікті сұраныстың немесе тұтынуға әзірлік дәрежесі жоғары өнімдер, сондай-ақ аймақаралық айырбас пен экспорт үшін сақталу мерзімі ұзартылған тасымалдауға ыңғайлы түпкілікті өнімдер өндіру жөніндегі кәсіпорындарды дамытуға басымдық беріледі. Ауыл шаруашылығы шикізатын алғашқы қайта өңдеу шикізат өндірілетін орындарға жақындату арқылы ұйымдастырылады.

Бірінші кезекте, қала маңындағы аймақта және Ақмола облысының аумағында ет пен сүтті, басқа ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру есебінен сенімді шикізат базасы құрылатын болады.

Бәсекеге қабілетті өнім өндіруді ұлғайту, оның ассортиментін кеңейту және сапасын арттыру, тамақ өнімдерін қала, аймақаралық айырбас және экспорт үшін ұ с ы н у д ы ұ л ғ а й т у ү ш і н :

халықтың шоғырланған жерлеріне жақындатылған, өз өнімдерін өткізетін шағын наубайханалар мен кондитер өндірістерінің желісін дамыту;

әзірлігі жоғары, жоғары сапалы ет, сүт және балық өнімдерін - тоңазытылған тартылған ет, тауық етінен жасалған филе, туралған шұжық және герметикалық ораудағы және ұсақ көлемде өлшенген басқа өнімдерді, жартылай фабрикаттарды, кулинария өнімдерін өндіруді кеңейту;

оралған және таңбаланған өнімдердің - нан және ұннан пісірілген тағамдар, кондитер өнімдері, сүт өнімдері, шұжық және еттен жасалған жартылай фабрикаттар және басқаларының үлес салмағын арттыру;

консервілеу мен ораудың жаңа технологияларын пайдалану арқылы ұлттық жеңсік тағамдарды (қазы, шұжық, құрт, ірімшік, кондитер өнімдері және басқалары), сондай-ақ сақталу мерзімі ұзартылған, ұлттық және астаналық символикалармен қазіргі заманғы тоғанақта сусындар (қымыз) өндіруді кеңейту;

астықтың негізінде әзірленуі жоғары өнімдер - тез әзірленетін және порцияланған өнімдер (порцияланған тез пісірілетін ботқалар, құрғақ таңертеңгілік ас, қауыздар, үй жағдайында өндірілетін жартылай фабрикаттар, торттар, кекстер, печеньелер,

құймақтар және т.с.с.), соның ішінде франчайзингті пайдалану арқылы өндіруді игеру; қала халқының қажеттілігін және құрылымын негізге ала отырып өз технологиялары мен рецептураларын әзірлеу немесе франчайзинг негізінде диеталық тамақ өнімдері мен балалар тағамы үшін өнімдер кешенін өндіруді игеру (қантты, тұзды алмастырғыштарды пайдалану арқылы құрамында углеводтары аз, уатылған дән қосылған, йод құрамы жоғары нан және наннан пісірілген өнімдер, қантты алмастырғышты, алма пектинін, крекерлерді қолдану арқылы кондитер өнімдерін, калориясы төмен астық қоспаларынан жасалған қытырлақ нан, пахта пайдаланылған сүт өнімдері, диеталық ірімшік және бірқатар басқалары);

қала халқын тамақ өнімдерімен, ең алдымен тез тоңазытылған және сублимирленген өнімдер өндірудің, вакуумдік орамаларды пайдаланудың есебінен қамтамасыз етуде маусымдық факторды төмендету;

шағын бизнестің кәсіпорындарын әлсіз алкогольдық, алкогольсыз сусындар мен тазартылған асханалық суды өндіруге көшіру;

өз брэндлерін әзірлеу (өз технологиясы бойынша шығарылған, патенттелген жаңа тауарлар) және оларды жылжыту;

Астана қаласының символикасы бейнеленген тамақ өнімдерін өндіруді кеңейту;

мал шаруашылығының, құс шаруашылығының, тоғандық балық өсіру шаруашылығының қажеттіліктерін ескере отырып құрама жем өндірудің номенклатурасы мен көлемін кеңейту;

қазіргі заманғы ыдыстар мен орамадағы өнім өндіруді кеңейту, сатып алушылардың оны қалталау жөніндегі сұранымдарын ескеру;

қалалық өндірушілер өнімінің көрме-жәрмеңкесін өткізу, жарнамалауды жақсарту
к ө з д е л е д і .

Ж е ң і л ө н е р к ә с і п

Астана қаласының жеңіл өнеркәсібін дамытудың негізгі бағыты бәсекеге қабілетті өнім өндіретін шағын сериялы жедел қайта құрыла алатын шағын және орташа өндірістерді, тұрғындардың жеке тапсырыстарын орындау жөніндегі кәсіпорындарды құру болып табылады.

О с ы ғ а н б а й л а н ы с т ы :

бәсекеге қабілетті өнім өндіре алатын өндірістерді бөліп көрсете отырып жұмыс істеп тұрған ірі кәсіпорындарды саралау, қайта құрылымдау және қайта бейімдеу;

шағын кәсіпкерлікпен ынтымақтастықтың негізінде кәсіпорындардың жанынан тоқыма және тігін бұйымдарының үлгілерін жасау жөніндегі бөлімшелер құру;

импортты алмастыру бағдарламасын іске асыру негізінде жұмыс істеп тұрған өндірістерді қайта құру мен жаңғырту және жаңаларын құру;

ұлттық символика бейнеленген тігін, тоқыма бұйымдарының, киізден үйге киетін аяқ киім және басқаларының, қаланың, Щучинск-Бурабай және басқа курорттық

аймақтардың қонақтары үшін кәдесый бұйымдарының өндірісін игеру;
жетекші ұлтаралық компанияларға, сондай-ақ белгілі шетелдік фирмаларға және қаланың жеңіл өнеркәсібінде экспортқа бағдарланған бірлескен және шетелдік кәсіпорындар құруға бағдарлау арқылы франчайзингті пайдалануға мүмкіндік туғызу
к ө з д е л е д і .

Аяқ киім және былғарыдан басқа да бұйымдар өндіру тұрғындардың тапсырыстары бойынша жеке адамдарға арнап тігу (дайындау) шағын кәсіпорындарының жүйесін кеңейту есебінен дамытылатын болады.

Х и м и я ө н е р к ә с і б і

Қала халқының, сауданың, өнеркәсіптің тамақ, басқа да салаларын дамытудың қажеттіліктерін ескере отырып пластамассадан жасалған аралық және түпкілікті тұтыну бұйымдарын - полистирол, полипропилен, полиэтилен, поливинилхлорид, соның ішінде ыдыс орағыш материалдар шығару жөніндегі қайта құрыла алатын шағын өндірістер құру көзделеді.

Ыдыс және үйде пайдаланылатын заттар, спорт құралдары, кеңсе бұйымдары, ойыншықтар, кәдесыйлар, жарық техникасы аппаратурасын, жеңіл өнеркәсіп үшін фурнитуралық бұйымдар, поливинилхлоридтен және полиэтилен жасалған бұйымдар, машина жасау мен құрылыс үшін синтетикалық материалдардан жасалған бөлшектер мен жинақтаушы бұйымдар өндіруді игеру үшін перспективалы бағыттар болып табылады.

Құрылыс материалдарының өнеркәсібі

Астана қаласында құрылыс жұмыстарының кеңеюін ескере отырып құрылыс материалдары мен конструкцияларының өнеркәсібі өзінің жетекшілік ролін әсіресе темір бетон және бетон бұйымдары мен конструкцияларын, тауарлық бетонды өндіруде және жеткізуде сақтайды.

Экологиялық талаптарды ескере отырып, басқа құрылыс материалдарын кірпіш, қабырғалық блоктар, құрылыс керамикасы, соның ішінде трубалар, асфальт бетон өндіру Ақмола облысының басқа елді мекендерінде оларды шикізат көздеріне жақындату арқылы дамытылатын болады.

Сол бір мезгілде қаланың өнеркәсіптік аймағында қаланың қажеттілігін қамтамасыз етуге, сол сияқты аймақаралық айырбас пен экспортқа бағдарланған: пенобетоннан жасалған, керамзит және өзге де жеңіл заттармен толтырылған бетон және темір бетон;

әшекейлеу материалдары - гранит, мрамор, силикат плиткалар, ішкі жағын әрлеу үшін пластмассадан жасалған табақтар мен плиткалар және т.с.с.;

ағаштан, алюминийден, пластмассадан, металл пластиктерінен, басқа композиттік материалдардан жасалған құрылыс материалдары мен конструкциялары;

құрғақ құрылыстық қоспалар;
ЖЭО-ның қалдықтары негізінде тиімді жылытқыштар;
жеңіл желімделген ағаш конструкциялар жаңа өндірістер дамытылады.

Қаланың және қала маңындағы аймақтың автомобиль жолдарын салу және қайта жаңарту жөніндегі белгіленетін жұмыстар топырақ ерекшеліктерін ескере отырып асбест және резина ұнтақтарын, сұр бетонды, жылу энергетика орталықтарының күлін, фосфор шлактарын және т.с.с, қолдану арқылы жамылғылардың экологиялық қауіпсіз, орнықты және үнемді жаңа түрлерін пайдаланып салынатын жол учаскелерінің құрылыс тәжірибесін зерттеуді қажет етеді.

Машина жасау және металл өңдеу
Саланың орташа мерзімдік және ұзақ мерзімдік перспективасында өндіріс қуаттарын неғұрлым толық жүктемемен қамтамасыз етудің, жаңа технологияларды игеру мен ішкі және сыртқы рыноктар үшін бәсекеге қабілетті өнім шығарудың е с е б і н е н :

Павлодар трактор зауытының жаңа қазақстандық тракторы үшін техникалар шлейфіне кіретін машиналар мен жабдықтардың - нүктелі себу тұқым сепкіштері және т.с.с. өндірісін ұйымдастыру;

деңгейлес технологиялық интеграциялау мен кооперациялаудың артықшылықтарын пайдалана отырып құрастырушы өндірістерді бәсекеге қабілетті өнімнің жаңа буынын шығаруға қайта бағдарлау;

бәсекеге қабілетті жоғары технологиялы және ғылымды қажетсінетін өнімдер шығару жөніндегі шағын және орташа кәсіпорындардың жұмыс істеп тұрғандарын қайта бейімдеу және жаңаларын құру - орталықтан тепкіш насостардың, электротехникалық бұйымдардың, тұрмыс техникасының жаңа буындарын - электр кофеүккіштер, шырын ағызғыштар, электр шәйнектер, кофе қайнатқыштар, үтіктер және т.с.с. соның ішінде белгілі шетелдік компанияларды тарту арқылы құрастыру өндірістерінің бірінші кезеңінде ұйымдастыру;

металдардан жасалатын алуан түрлі бұйымдар шығаруды игеруді ұйымдастыру - есік, торлар, тұрмыс құралдары, бау-бақша құралдары, спорттық тренажерлер және т.с.с.;

вагон жөндеу зауытында темір жол платформалары мен жартылай жүк вагондары өндірісін Ресейге және Орталық Азия елдеріне одан әрі экспортқа шығару арқылы құру көзделеді.

Шағын бизнес кәсіпорындарында ірі және орташа кәсіпорындармен өзара іс-қимыл негізінде стандартталмаған жабдықтар, қосалқы бөлшектер мен бөлшектер өндірістері ұйымдастырылатын болады.

"Астанатехнопарк" ААҚ негізінде арнаулы экономикалық индустриалдық аймақ құрылады. Оның қызметінің негізгі бағыттары ауыл шаруашылығы техникасын

шығару жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру болып табылады.

Экологиялық қауіпті құю өндірістерінде тазартқыш құрылымдарды қалпына келтіру, құйма бөлшектер мен бұйымдарды республиканың басқа аймақтарында сатып алуға бірте-бірте көшу көзделеді.

Қала өңдеу өнеркәсібінің басқа салалары қаланың және тұтасымен ел қажеттіліктерін ескере отырып шағын бизнес кәсіпорындарының негізінде дамытылатын болады.

Ғылымды қажетсінетін және жоғары технологиялы өндірістерді дамыту үшін: мемлекеттік немесе аралас қаржыландырудың есебінен жеке меншік инвесторлардың күші келмейтін ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар орталықтарын құру;

өз құзыретінің шегінде тікелей инвестициялар тартуды қолдау, өнеркәсіптік-қаржылық топтар құру, өндірістік интеграцияның басқа нысандарын, соның ішінде шетелдердің қатысуымен енгізу жөніндегі шаралар жүйесін пайдалану; қалалық бюджет қаражатының, тікелей мемлекеттік инвестициялардың есебінен қала үшін басым жобаларды іске асыруға қаржылай қолдау көрсету көзделеді.

Өнеркәсіпті дамыту жөніндегі белгіленген шараларды іске асыру 2005 жылға өнеркәсіп өнімін өндірудің көлемін 2000 жылмен салыстырғанда 75%-ға, соның ішінде ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеудің өнімдерін - 91%-ға, құрылыс материалдарын - 58%-ға, машина жасауды - 41-45%-ға арттыруға мүмкіндік береді. Өнеркәсіп өнімін өндіруде шағын бизнестің үлесі 2005 жылға 30-35%-ға жетеді.

Технологиялық парк құру

Еліміздің бас қаласы Астана қаласында дүние жүзінің дамыған елордалары сияқты идеялар тудыруды, жобалауды және ғылымды қажетсінетін әрі интеллектуалдық еңбектің үлесі үлкен, жоғары технологияларды енгізуді жүзеге асыратын инновациялық орталықтардың ұлттық кешені болуы тиіс. Сапалы білім алған жоғары білімді жас мамандардың айтарлықтай контингентінің Астана қаласында шоғырлануы "Астана-Технопарк" ААҚ негізінде "технологиялық орталығын" немесе "технополис" нысанында "ғылым және жоғары технологиялар орталығын" құру жолымен жоғары технологиялы тауарлардың дүниежүзілік рынокқа инновациялық бұзып өтуі үшін қажетті "интеллектуалдардың сыни жиынтығын" қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Технопарк құрудың негізгі мақсаты жаңа жоғары технологиялы өндірістерді дамыту, шағын және орта бизнеске жататын кәсіпорындарға алуан түрлі қызмет көрсету жолымен "Астана-Технопарк" ААҚ аумағында лизингтік-франчайзингтік және өнеркәсіптік (индустриалдық) аймақ ұйымдастыру болып табылады.

Технопарктің міндеттері қазіргі уақытта республикада теңдесі жоқ инновациялық өнімдер әзірлеу, "Астана-Технопарк" ААҚ-ның жанынан тиісті ғылыми, жобалау және тәжірибелік-конструкторлық бөлімшелер құру арқылы экономиканың түрлі

салаларында қазіргі заманғы технологияларды енгізу болып табылады.

Информатиканы және ақпараттық технологияларды дамыту мақсатында технопарктің негізінде дайын бағдарламалық өнім шығарумен, сондай-ақ ғаламдық ақпараттық ресурстарды пайдалануға байланысты қызметтерді Қазақстан рыногына жылжытумен айналысатын шағын инновациялық кәсіпорындар құрылатын болады.

Технопарк құру инновациялық мультипликативтік толқындардың таралу процесін жеделдетуге мүмкіндік береді, ол тұтасымен алғанда Қазақстан экономикасының барлық саласында ғылыми-техникалық прогреске қуатты серпіліс жасайды және елді дүниежүзілік орташа дамыған елдерінің деңгейіне шығаруға мүмкіндік туғызатын болады.

3.7. Шағын кәсіпкерлік

Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуында шағын бизнес маңызды роль атқаратын болады. Оның негізгі мақсаты ішкі рынокты импорт алмастырушы тауарлармен және қызметтермен молықтыру сондай-ақ жұмыспен қамтылғандардың санын арттыру болмақ.

Шағын кәсіпкерлік өңдеуші өнеркәсіптің жекелеген салаларында, мәдени-тұрмыстық мақсаттағы тауарлар мен құрылыс материалдары өндірісінде, қолданбалы қолөнер өндірісінде, қызмет көрсетулер саласында, ғылымды қажетсінетін және инновациялық (венчурлік) өндірістерді дамытуда ең жоғары дамуға ие болады.

Шағын кәсіпкерлікті дамыту міндеттерін шешуді қамтамасыз ету үшін: ауыл шаруашылығы шикізатын тігінен интеграцияланған құрылымдардың, қайта өңдеуші кәсіпорындар мен сауда ұйымдарының түрлі нысандарын қалыптастыруға; азық-түлік тауарларын шығару жөніндегі дайындау ұйымдарын, шағын қайта өңдеуші кәсіпорындарды, фирмалық дүкендер желісін құруға; шағын өндірістер құру үшін тұрғын үй ғимараттарының және коммуналдық меншіктің басқа да объектілерінің бірінші және техникалық қабаттарынан жеңілдікті шарттармен бөлмелер бөлуге;

кәсіпкерлікті қолдау үшін консультациялық орталықтарды, консальтингтік және лизингтік фирмаларды, сервисті, бизнес-орталықтарды және нарықтық инфрақұрылым объектілерін дамытуға жәрдемдесуге;

өндірістік алаңдарды кәсіпкерлерге жалға өткізу үшін инфрақұрылымдық қамтамасыз ету арқылы бизнес-парктер, өнеркәсіптік парктер, қолөнер аулаларын құруға жәрдем көрсетілетін болады.

Бәсекеге қабілетті өнеркәсіптік тауарлар өндіруді реттеу үшін оларды қаржыландыру ішінара қалалық бюджеттің жүзеге асырылатын бизнес-орталықтар мен бизнес-инкубаторлар құрылатын болады. Бизнес-инкубаторлардың мүшелеріне техника мен жабдықтарды, сондай-ақ көлік құралдарын лизингтік негізде беру көзделеді.

Бас қалада қолөнер өндірісін кеңінен дамыту және халықтық кәсіптерді жаңғырту

үшін мамандандырылған бизнес-орталық құрылатын болады. Ол үш негізгі кешенді: өндірістік, көрмелік және сауданы қамтитын болады. Осы орталықтың құрылуы тек кәдесыйлық және басқа бұйымдардың шағын сериялы өндірісін ғана емес, сондай-ақ сатып алушының тілегі бойынша жеке тапсырыстарды жедел орындауды жүзеге асыруды ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Сауда және қызмет көрсету саласының кәсіпорындарын дамыту үшін кәсіпкерлерге қажетті өндірістік және кеңселік үй-жайларды бөлу көзделеді.

Қызмет көрсету мен сауда саласында шағын кәсіпорындардың өсуі күтіледі:

жеке қызмет көрсету мен коммуналдық қызметтер;

білім беру және медициналық қызметтер;

автомобильдер мен үй жағдайында пайдаланылатын бұйымдарды жөндеу;

құрылыс - жөндеу жұмыстары;

бөлшек сауда;

ақпараттық-консалтингтік қызметтер;

салық-салу несиелендіру, сертификаттау, стандарттау, маркетингтік зерттеулер жүргізу, жарнама, дизайнерлік қызмет және т.с.с салалардағы қызметтер.

Шағын бизнесте оларды қолдану республикада халықаралық рыноктарда бәсекеге қабілетті өнімдер шығаруды жолға қоюға мүмкіндік беретін ғылымды қажетсінетін, инновациялық және венчурлік өндірістерді дамыту технологиялық парктердің негізінде жүзеге асырылатын болады. Осы құрылымдардың негізінде шағын инновациялық фирмалар оларды кейіннен сериялық өндіріске енгізу үшін перспективалық ғылыми зерттемелермен айналысатын болады.

Астана қаласында шағын бизнесті дамыту бағдарламасының негізгі бағыттарын іске асыру: шағын бизнес субъектілердің өндірген өнімдерінің (жұмыстардың, қызметтердің) көлемін 2005 жылы - 25%-ға ұлғайтуға; шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 14200-ге дейін жеткізуге мүмкіндік береді. 2005 жылға 10 мың тұрғынға келетін шағын кәсіпорындар саны 100 бірлікке жетеді. Бұдан әрі көрсеткішті Шығыс Еуропаның орташа дамыған елдерінің деңгейіне - 300-350 бірлікке жеткізу көзделеді.

3.8. Азық-түлікпен жабдықтау және тұтыну рыногы

3.8.1. Бас қаланы азық-түлікпен қамтамасыз ету

Қаланы азық-түлікпен сенімді қамтамасыз ету мақсатында жергілікті шикізаттан сапалы, бәсекеге қабілетті тамақ өнімдерін өндіретін кәсіпорындар да, қаланың базарларына экологиялық таза, жас өнімдер жеткізетін ауыл шаруашылығы өндірушілері де қолдауға ие болады. Бағаларды төмендету мақсатында азық-түлік тендерлік сатып алу жүргізілетін болады, ол бас қаланың азық-түлік рыногында бәсекелестік орта туғызады.

Тұрғындардың азық-түлікке қажеттілігін қанағаттандыру:

ауыл шаруашылығы өнімдерінің оларды өндіру үшін облыста тиісті табиғи-климаттық жағдайлар бар түрлерін пайдаланудың (жармалардың барлық түрін дерлік қоса алғанда, нан тағамдары, майлы дақылдар тұқымдары, картоп, тамыр жемісті және пияз текті көкөністер, капуста, кәді, асқабақ, ет, сүт, жұмыртқа);

ауыл шаруашылығы өнімінің бір бөлігін республиканың басқа аймақтарынан сатып алу (ет, картоп, көкөніс, бақша дақылдары, жемістер) бәсекелестік орта құруды қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

азық-түлікті жақын және алыс шетел елдерден (шай, кофе, қант, жемістер және басқалары) сатып алудың есебінен жүзеге асырылатын болады.

Астана қаласының халқын азық-түлікпен жабдықтауды қамтамасыз етуді жақсарту ү ш і н :

мемлекеттің қатысуымен қаланың азық-түліктік қауіпсіздігін кепілдендіретін, тамақ өнімдері рыногына және баға белгілеу жүйесіне тікелей ықпал ету үшін жеткілікті қаржы ресурстарына және өндірістік инфрақұрылымға иелік ететін, ауыл шаруашылығы өндірушілері мен қаланың қайта өңдеуші кәсіпорындарының қызметін ү й л е с т і р е т і н құ р ы л ы м құ р у ;

жақын орналасқан облыстардың аймақтары бойынша ауыл шаруашылығы өнімін өндірудің тұрақты мониторингін жүзеге асыру, қайта өңдеуші кәсіпорындарға ауыл шаруашылығы шикізатын әлеуетті жеткізушілердің деректер базасын құру;

азық-түлік өндірудің тұйық циклін және шығындар мен өткізу бағасын төмендетуді қамтамасыз ететін ауыл шаруашылығы өндірушілерінің, банктердің, қайта өңдеуші кәсіпорындардың, сауданың, көліктің тігінен интеграцияланған бірлестіктерін құруға ж ә р д е м к ө р с е т у ;

қаланың әр түрлі аудандарында ауыл шаруашылығы өнімдерін сату жөнінде ма у с ы м д ы қ ж ә р м е н к е л е р ө т к і з у ;

бас қалада сатылатын азық-түлік тауарларының сапасын сертификаттауды жүзеге а с ы р у к ө з д е л е д і .

Бас қаланы азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін елдің агроэкономикалық әлеуетін пайдалануды күшейтумен, ауыл шаруашылығы өнімдерін өнеркәсіптік қайта өңдеу көлемін ұлғайтумен, бас қаланың азық-түліктік белдеуін құрумен қатар оны тұтынудың жалпы көлемінің 30%-на дейінгі шегінде ассортименттің алуан түрлілігін және бәсекелес орта құру мақсатында бас қалаға импорттық азық-түлік жеткізу көзделеді, бұл азық-түліктік тәуелсіздік өлшеміне сәйкес к е л е д і .

3 . 8 . 2 . Т ұ т ы н у р ы н о г ы

Орта есеппен жан басына шаққанда ақшалай кірістердің және тиісінше тұтыну шығыстарының көлемі бойынша Астана қаласы республикалық орташа деңгейден 1,6

еседен астам асып түседі және бұл үрдіс осы Бағдарламаны іске асыру барысында
н ы ғ а я т ү с е д і .

Тұтыну нарығының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін:
коммерциялық ақпарат орталықтарын, әртүрлі консультативтік орталықтар;
сұранысты және нарық сыңайын, соның ішінде әлемдік нарықтың сұранысын және
сыңайын зерделеу жөнінде маркетингтік орталықтар; жарнамалық агенттіктер; патент
және лицензия бюросын; келісім-шарттар жасау жөнінде қызметтер құру;
көтерме буынға меншік құқығы өтуімен сатып алу-өткізу операцияларының толық
кешенін жүзеге асыратын кәсіпорындары негізінде көтерме сауда;
мыналар кіретін бөлшек сауда желісін дамыту; сауда орталықтарын және
кешендерін; ірі әмбебап дүкендер, әркім өзіне-өзі қызмет ететін дүкендер, сөрелер,
дүкен-қоймалар арқылы тауар сатудың дәстүрлі нысандарындағы дүкендер; арнайы
орындарда ұйымдастырылатын көше жәрмеңкелерін және базарлар; көлік
магистральдары бойында саудалық қызмет ету; адам көп жүретін жерлерде бөлшек
сауда үшін автоматтар құру қажет.

Б ұ л р е т т е :

отандық тауар өндірушілерді қолдау негізінде ішкі рынокты қорғау және кеңейту;
тауар қозғалысының тұрақты жүйесін қамтамасыз ететін және монополизмнің
ықтимал пайда болуының алдын алатын бәсекелес орта қалыптастыру;
өткізілетін тауарлардың сапасы, қызмет ету деңгейі, заңнама және
тұтынушылардың құқықтарын қорғау нормалары сақталуы тұрғысынан тұтыну
нарығын бақылауды күшейту қамтамасыз етілуге тиісті.

3.9. Өндірістік инфрақұрылым

3.9.1. Көлік және байланыс

Астана қаласы тұрғындарының, кәсіпорындарының және ұйымдарының көлік пен
байланыстың сапалы қызметіне қажетін қанағаттандыру қала көлігі мен байланысы
жұмысының және дамуының мақсаты болып табылады.

Осыған байланысты қала көлігі мен байланысының негізгі міндеттері:
қалада, оның төңірегінде және Ақмола облысының жақын аудандарында ұтымды
көлік жүйесін қалыптастыру;
өткінші тасымалдарды қала аумағының сыртына шығару;
қала автомобиль көлігінің теріс экологиялық әсерін азайту;
қала көшелерінде қозғалыс қауіпсіздігін арттыру;
қала жолаушылар көлігін экономикалық қолдау;
телекоммуникация мен байланыс жүйелерінің қызмет аясын кеңейту болып
табылады.

Қаланың ұтымды көлік жүйесін қалыптастыру мақсатында:

Астана - Алматы учаскесіндегі темір жол тарамдарын күшейту, байланысты жаңғырту, бұл жолаушылар поезының жолда жүру уақытын 5 сағатқа қысқартады, осы қалалар тұрғындарының жедел барып-қайтуын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Астананың Семеймен, Өскеменмен, Қызылордамен, Атыраумен, Ақтаумен тіке жолаушы темір жол қатынасын орнату;
Щучье-Бурабай курорт аймағы, Көкшетау, Петропавл, Қарағанды

бағыттарында электрпоездармен қала маңына жолаушылар тасымалдауды кеңейту;

Бурабай курорт аймағына тірелетін
Алматы-Қарағанды-Астана-Щучье-Көкшетау автомагистралын қайта жаңартуды аяқтау;

жылдамдық қалыпта темір жол вокзалын әуежаймен қосу үшін Есіл өзені арқылы автомобиль көпірін және қала - Есілдің сол жақ жағалау бағытында Есіл өзені арқылы екі көпір салу;

халықаралық әуежай құрылысын аяқтау;
шағын авиация және тікұшақтар есебінен жергілікті авиа желілерін кеңейту;

400 жолаушы/сағат өткізу қабілетті қала аэровокзал кешенін салу;
Астана қаласының санитарлық аймағы шекаралары шеңберінде айналма автожол жобасын жасау;

300 км. көлемде қаланың көше-жол желілерін қайта жаңарту және көріктендіру;

қаланың төмен учаскелерінде жабық түрдегі нөсерлік кәріз жүйесін кеңейтуді көздеу;

қала тұрғындарына қосымша сапалы қызмет ету үшін шағын автобустар паркін ұйымдастыру;

айналып өтетін автожол негізінде қалада және оның сыртында электр көлігінің жаңа бағыттарын зерделеу және салуды бастау.

Қалалық автомобиль көлігінің теріс экологиялық әсерін азайту мақсатында: автокөлік кәсіпорындарын қаланың шетіне және оның санитарлық аймағының сыртқы шекараларына орналастыру;

экологиялық талаптар ескеріле отырып, қала аумағы бойынша автомай құю станцияларын орналастыруды реттестіру және отын мен жағар материалдардың экологиялық таза түрлерін сату жөнінде бақылауды күшейту;

қала кәсіпорындарының, ұйымдарының және тұрғындарының автомобиль паркін экологиялық талаптарға сәйкес келтіру;

қала көшелері мен алаңдарында, әсіресе, ірі сауда орталықтары және рыноктарында

инженерлік қамтамасыз ете отырып, автомобиль тұрақтары жүйесін қайта ұйымдастыру;

жаңа троллейбус желілерінің құрылысы және іс жүзіндегілерін қайта

жаңарту, Қала - Сол жақ Есілдің жағалауы аралық трамвай желісі құрылысы есебінен қалада жер үсті электр көлігін одан әрі дамытуды қамтамасыз ету көзделуде.

Қала көшелеріндегі қозғалыс қауіпсіздігі мақсатында БАЖ жобасы құрамында "Қала" қозғалысты автоматты басқару жүйесі іске асырылып, қалалық жолаушылар көлігін бақылап отыратын біртұтас орталық диспетчерлік қосын құрылатын;

қалаға кіре берісте жан жақты және өткінші автокөлік үшін ірі автотұрақтар ұйымдастырылатын және салынатын болады.

Өткінші тасымалдарды қала аумағынан шығару мақсатында:

Солтүстік және Шығыс өткінші автожол айналма учаскесінің; темір жол айналмасы құрылысы (24 километр);

Қырқыншы станциясында жүк терминалы көзделуде.

Қала жолаушылар көлігін қолдау және жаңарту үшін, соның ішінде 100 автобус, 100 шағын автобус және 40 троллейбус сатып алуға қаражат қарастыру қажет.

Телекоммуникация және байланыс жүйелерінің сапалы қызмет аясын кеңейту мақсатында:

қаланың цифрлы телекоммуникация желілері деңгейін 100% дейін жеткізу;

смарт-карточка технологияларымен әмбебап таксофондар қондыру жөніндегі жобаны іске асыруды жалғастыру;

"ДАМА" спутник желісі мүмкіндіктерін кеңейту;

халықаралық Коммутация Орталығы (ХКО) құрылысын аяқтау;

желіні жаңғырту есебінен қала тұрғындарын телефондандыру деңгейін 100 тұрғынға 30 бірлікке дейін жеткізу;

монополиясыздандыруды ескере отырып, қала байланысы жүйелерін дамыту және бәсекелес орта құру үшін әлеуметтік пайымды, икемді тарифтік және инвестициялық саясат жүргізу қажет.

3.9.2. Электр мен жылу қуаты газ және су өндіру және бөлу

Сала дамуы қаланың қажетін және экологиялық талаптарды ескере отырып:

бөліп отыратын жылу және электр желілерінің дамуын;

тұрмыс тіршіліктің барлық саласында энергия үнемдеу іс-шараларын іске

асыруды;

Ишим қаласынан (Россия) Петропавл; Көкшетау қалалары арқылы Қарағанды қаласын қоса отырып, жаңа газ құбыры құрылысының жобасын іске асыруды көздейді.

Жылудың құрамды көздерін пайдалану отын-энергетика ресурстарын пайдалану тиімділігін арттырады, экологиялық зиянды қалдықтарды және қоршаған ортаға түсетін салмақты азайтуға мүмкіндік береді.

Көмір кен көзінің жақындығы ескеріле отырып, ол одан әрі пайдаланылады және аймақтың экологиялық проблемаларын шешудің басымдығын негізге ала отырып, газға көшу мүмкіндігі көзделінеді. Электр қуатын жылыту үшін пайдалануды энергия қуатының осы түрінің құны жоғары болуынан лажсыз шара ретінде қараған жөн. Энергиямен жабдықтаудың сенімділігін қамтамасыз ету мақсатымен жеке, аудандық, қалалық қазандықтар салынуы мүмкін.

Инженерлік желілер жергілікті жағдайлар ескеріліп, энергиялық тиімді

технологиялар пайдаланумен (қымтау, төсеу әдістері және басқалары) тауар өнімін берудің жоғары сапасын және сенімділігін қамтамасыз ете отырып, дамыту көзделуде.

Энергия үнемдеуші іс-шараларды іске асырудың негізі ретінде энергия ресурстарын есепке алудың осы заманғы жүйесін енгізу көзделуде.

Қала экономикасын энергия үнемдеу қалпына көшіру, энергетика саласында осы заманғы технологияларды пайдалану:

энергияның жаңа көздері құрылысынан бас тартуға;

энергияның іс жүзіндегі көздерін барынша тиімді пайдалануға;

атмосфераға қалдықтар шығаруды қысқартуға;

қала энергетикалық желілерін салуға және пайдалануға қосымша шығыстарды төмендетуге мүмкіндік береді.

Қаланы сумен жабдықтау саласында:

Вячеслав су қоймасынан су ағызғының үшінші тармағының құрылысы;

Ертіс - Қарағанды арнасының суын Есіл өзенінің жоғарғы сағасына жіберу жөніндегі құрылғының құрылысы;

абоненттердің және тұрғындардың суды тұтынуын толық өлшеп есепке алуын ұйымдастыру;

қаланың салынған бөлігінде құбырларды орсыз (үңгірлеп) тарту бойынша жаңа технологиялар енгізу;

сумен жабдықтау және су келтіру желілерін қайта жанарту;

су айдаудың іс жүзіндегі кәріздік станцияларын қайта жанарту және жаңғырту;

қала аэроцациясы станциясының лайлы алаңдарының кепкен тұнбасын жарату мәселесін шешу;

Талдыкөл жинақтаушы-буландырушы суын қала қажетіне: суаруға, көшелерге және жасыл желекке бүркуге, құрылыс индустриясына пайдалануға;

Жердің жоғарғы қабаты суларын (Шерубай-Нұра өзені және Сілеті су қоймасының) және жер асты суларын (Ақмола, Рождественское, Нұра кен көздері және басқаларының) бас қаланы сумен қамтамасыз етудің қосалқы көзі ретінде қарау мүмкіндігі көзделуде.

3.10. Әлеуметтік даму

3.10.1 Тұрғын халық

Ұзақ мерзімді келешекте бас қаланың тұрақты тұрғындарының санын 500 -700 мың адам, ал 2005 жылға дейін - 380-390 мың адам шамасында шектеу көзделуде. Бас қала тұрғындары өсуінің негізгі көздері тұрғындардың табиғи өсімі және республиканың басқа аймақтарынан реттелмелі көші қон болатыны пайымдалуда. 2005 жылы тұрғындардың туу коэффициенті 14, өлім-жітік коэффициенті - 9,8, табиғи өсімі - 4,2 болмақ.

Тұрғындардың реттелмелі көші-қоны жаңа экономикалық және әлеуметтік мағына алуға тиісті. Бас қаланың өсуі оған республиканың басқа аймақтарынан жақсы оқып үйретілген, жоғарғы кәсіби жастарды басым тарту есебінен неғұрлым белсенді тұрғындарды шоғырландыру жолымен қамтамасыз етілетін болады.

3.10.2. Тұрмыс деңгейі

Бас қаланың әлеуметтік дамуы тұрғындардың тұрмыс деңгейі мен сапасын арттыру үшін жағдайлар мен алғы шарттар жасауға бағдарланатын болады, бұл тұрғындардың табыстарының өсуіне, жұмыссыздықты төмендетуде, әлеуметтік инфрақұрылымға, ақпаратқа қол жеткізілуіне, адам құқықтарын қамтамасыз етуде, тұрғындардың әлеуметтік қорғау дәрежесін арттыруда, мәдени, ұлттық және діни қатынастарды жақсартуда жатыр.

Шағын және орта кәсіпорындар түрінде іс жүзіндегі өндірістерді кеңейту және жаңаларын ашу, олардың негізінде жұмыс істеушілер санын өсіру есебінен экономикалық қызметтің барлық саласында жұмыс орындары санын арттыру көзделуде. Жұмыс істеушілердің негізгі үлесі қызмет көрсету аясына келетін болады. Ресми жұмыссыздық деңгейі 3-4%-дан аспайтын болады.

Кедейлік шегінен төмен тұратын адамдар саны азайтылмақ. Тұрғындардың ақшалай табыстары 1,9 есе өсетін болады.

3.10.3. Білім беру және ғылым

XXI ғасыр технологияларын игеруге және Қазақстанның болашақ гүлденуін қамтамасыз етуге қабілетті адам ресурстарын қалыптастыру аясы ретінде білімнің жаңа м а з м ұ н ы н да м ы т у к ө з д е л у д е .

Мектепке дейінгі және орта жалпы білім беру ұйымдарының саны тұрғындардың өсуіне сәйкес артатын болады және белгіленген нормативтерге жетеді. Мектеп жасындағы балаларды міндетті жалпы орта біліммен толық қамтуға қол жеткізілетін болады. Білім беру ұйымдарында 5-6 жастағы балаларды міндетті мектеп алды даярлау к ө з д е л у д е .

Кемі 5 орта мектеп, сондай-ақ 5 орта мектепке және неміс ізгілік-білім беру кешеніне жапсар құрылыс салу жоспарлануда. Республиканың дарынды балалары үшін қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын Республикалық мектеп-интернат бөлімін а ш у б е л г і л е н і п о т ы р .

Жетім балалар және ата-аналарының қарауынсыз қалған балалар үшін балалар үйін, дамуында кенжелеп қалған балалар үшін мектеп-интернат ашу көзделуде. Мектепке дейінгі және орта жалпы білімнің, соның ішінде мемлекеттік тілде оқытатын ұйымдар желісі о д а н ә р і да м ы т ы л м а қ .

Оқу орнын және білімдік бағдарламалар таңдауға азаматтардың еркіндік құқығын іске асыруға мүмкіндік беретін білім берудің мемлекеттік емес ұйымдары одан әрі да м и т ы н б о л а д ы .

"Бағыт" орта жалпы білімдік (бейінді) мектебін кәсіптік мектеп етіп қайта ұйымдастыру, аграрлық техникалық колледжін экономика, технология және тамақ өндірісін стандарттау колледжі етіп қайта бейімдеу жолымен бастауыш және орта кәсіптік білім оқу мекемелер желісі сақталатын және одан әрі дамитын болады.

Қазақ тілінде оқытылатын орта кәсіптік білімі бар білікті жұмысшылар мен мамандар даярлау ұйымдастырылмақ және даярланбақ.

Қалалық бюджет есебінен кәсіптік мектептерге және колледждерге оқушылар қа б ы л д а у д ы к е ñ е й т у к ө з д е л у д е .

Ғылым мен өндіріс арасындағы байланыс нығайтылып, одан әрі даму алады. Осы саясат шеңберінде дәстүрлі оқу процесімен және кәсіпкерлікпен, ғылыми зерттеулермен, жаңалықты қызметпен ұштасатын, оқу ғылыми-өндірістік процесс (университет - технопарк) болып табылатын, ұйымдық құрылым жасалмақ.

Бас қалада биологиялық және аграрлық бейіндегі ғылыми орталықтар, атап айтқанда, ботаника бауын жасау көзделуде.

Жаңа ғылыми орталықтар даярланған жоғары білікті ғылыми және педагогикалық кадрлар ағынынан ықпал ететін болады.

Бас қаланың ғылыми-техникалық әлеуетін дамыту үшін қажетті мамандықтар бойынша диссертациялық кеңестер желісі кеңейтілмек.

3.10.4. Денсаулық сақтау

Денсаулық сақтау жүйесін дамыту медициналық көмекке қол жеткізу деңгейін сақтауға және дәйекті арттыруға, саланың алдын алушылық бағыттылығын, оның осы заманғы талаптарға және қоғамның нарықтық жағдайларына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бас қаланың тұрғындарына медициналық қызмет ету жүйесін одан әрі жетілдіру көзделуде, ол денсаулық мекемелерінің меншік нысандарына қарамастан сапалы және толық көлемде медициналық көмекпен қамтамасыз етілуге тиіс.

Бас қаланың денсаулық сақтау жүйесі дамуының басым бағыттары: тұрғындарға бастапқы материалдық-санитарлық көмекті қамтамасыз ету; жалпы практикалық дәрігерлер, отбасылық дәрігерлер институтын дамыту, отбасылық дәрігерлік амбулаторияларды енгізу; денсаулық сақтаудың материалдық-техникалық базасын нығайту, алдын ала емдеудің, диагностикасын және емдеудің осы заманғы технологияларын енгізу; денсаулық сақтауды қаржыландыруды қымбат тұратын стационарлық көмектен амбулаториялық-емханаға қайта бағдарлау;

жұқпалы аурулардың алдын алу және төмендету жөнінде жұмысты күшейту, қаланы әлеуметтік мәнді аурулардан да аумақ ретінде сертификаттау;

Медицина Академиясы негізінде медициналық білім жүйесін жетілдіру және медицина ғылымын дамыту;

халықаралық ынтымақтастықты дамыту және денсаулық сақтауға шетел инвестицияларын тарту;

салауатты өмір салты жүйесін қалыптастыру;

бас қала тұрғындарының санитарлық-эпидемиологиялық саулығын қамтамасыз ету болашақ.

Денсаулық сақтауды дамыту бағдарламасы шеңберінде жедел жәрдемнің жаңа қалалық станциясының құрылысы, аз қамтылған азаматтар үшін муниципальдық аурухана, темір жол ауруханасы негізінде үш клиникалық-диагностикалық емхана, республикалық клиникалық аурухана және N 5 балалар емханасы, 50 төсектік баспана, 50 төсектік дағдарыс орталығы және медбикелік күтімдегі аурухана ашу жоспарлануда.

2005 жылы тұрғындарға кепілді медициналық көмек көлемі 2273,7 млн. теңге болады.

3.10.5 Тұрғын үй құрылысы және тұрғын үй рыногы

Астананың бас қала ретінде дамуы тек әкімшілік және іскерлік қызметтерді жүзеге асыруды емес, тұрғындар тұрмысының, өмір сүру жағдайының жоғары сапасы мен деңгейіне жетуді пайымдайды. Осыған байланысты бас қаланың тұрғын үй құрылысы басым даму алады.

Қала құрылысы сәулет-қала құрылысы кеңесінің ұсынымдарын ескере отырып даму бас жоспарына сай салынатын болады.

Бас қаладағы үй саясатының негізгі бағыттары: халықаралық стандарттарға сәйкес келетін көркейту деңгейімен, қаланың климаттық жағдайларын ескере отырып аса жайлы жана тұрғын үйдің құрылысын т а ң д а у ;

тұрғындардың қажетін және әл-ауқатын ескере отырып оларға ұсынылатын тұрғын үйдің сан алуандығын (көп қабатты үйлер, коттедждер, дербес салынатын үйлер) а р т т ы р у ;

ведомстволық, муниципальдық және жеке меншік дербес тұрғын үйлерді ұтымды ұ ш т а с т ы р у ;

өркениетті тұрғын үй нарығын қалыптастыру риэлтер бизнесін дамыту болмақ.

Осы заманғы талаптарға сәйкес келмейтін ескі салынған үйлерді анықтау және бұзу мақсатымен бар тұрғын үй қорын түгендеу көзделуде. Түгендеу нәтижесінде, қайта жаңартудан кейін аз қамтылған, әлеуметтік әлсіз азаматтар үшін муниципальдық тұрғын үй ретінде және күрделі жөндеуге және жаңғыртуға жататын, ескі құрылыста салынған тұрғын үйлерден көшірілген азаматтардың уақытша тұруы үшін пайдалануы м ү м к і н ү й л е р д і а н ы қ т а у ж ө н .

Жыл сайын кемі 130 мың шаршы метр тұрғын үй бере отырып, тұрғын үй құрылысына 2001 жылғы 6,6-ан 2005 жылы 7,2 млрд. теңгеге дейін жұмсалатын болады .

Тұрғын үй құрылысын қаржыландыру кезінде республикалық бюджет қаражатынан кәсіпорындардың және ұйымдардың өз қаражаттарына, тұрғындар қаражатына, шетелдік инвестицияларға біртіндеп көшу жүзеге асырылатын болады. Жеңілдік жағдайларда дербес тұрғын үй құрылысын ұзақ мерзімді ипотекалық несиелендіру, сондай-ақ құрылыс жинақтары жүйесі одан әрі дамитын болады. Тұрғын үй құрылысы бағдарламасымен ипотекалық несиелендіру тетігін жетілдіру, қосымша инвестициялық қаражат тарту үшін жағдайлар жасау көзделеді.

Тұрғын үй құрылысын қаржыландырудың қосымша көздері: тұрғын үйлерді бұзудан кейінгі босаған жер алаңдарын сатудан; арнайы тұрғын үй құрылысына муниципальдық бағалы қағаздар шығарудан а л ы н ғ а н қ а р а ж а т б о л у ы м ү м к і н .

3.10.6. Мәдениет және спорт

Бас қаланың өзіндік мәдениетінің, қазақ ұлттық мәдениетінің, барлық басқа ұлттық мәдениеттің түлеуін және дамуын, Қазақстан халықтарының мәдени-рухани дамуының үздік жетістіктерін насихаттауды және таратуды көрсететін біртұтас мәдени-ақпараттық кеңістік қалыптастыру көзделуде.

Талантты жастарды қолдау бағдарламасы жүзеге асырылады. "Шабыт"

шығармашылық жастарының дәстүрлі фестиваль-конкурсын жалғастырылатын болады.

Мәдени және спорттық ұйымдар желілерін құру көзделуде. 2000-2500 орындық орталық залы бар мемлекеттік филармония, 2500 орындық осы заманғы манежі бар мемлекеттік цирк, жыл бойы істейтін хайуанаттар паркін, Есіл өзені жағасында аквапарк, көрме орталығы құрылысы салынбақ. Ботаникалық бау және дендрарийдің негізін салу, этно-мемориалдық паркті одан әрі дамыту, "Жерұйық" жаңа паркі құрылысы, "Жастар" сарайын, орталық мәдениет және демалыс паркін қайта жаңарту к ө з д е л у д е .

Салауатты және белсенді өмір салтын қалыптастыру мақсатында, қала паркінде футбол алаңдары кешені, ипподром, велосипед жолы, ат спорты кешені, теннис алаңдары, жаттығу жайлары, ескек арнасы, мұз спорты сарайы және шаңғы тебу с ү р л е у і с а л ы н а т ы н б о л а д ы .

3 . 1 0 . 7 . Туризм

Астана қаласының тартымды туристік кейпін жасау бас қаланың бәсекеге қабілетті туристік-тыңайту саласын қалыптастыру туризмді дамытудың стратегиялық мақсаты б о л ы п т а б ы л а д ы .

Астанада үкіметтік мекемелердің және дипломатиялық корпустың, іскер және қаржы құрылымдары өкілдерінің шоғырлануы әртүрлі мемлекеттер өкілдерінің қатысуымен бизнес-форумдар, конференциялар және симпозиумдар өткізудің шарты болып табылады, осыған байланысты көрмелік экспозициялық-жәрмеңкелік кешен салу өзекті болып табылады.

Астана қаласында жыл сайын туристік көрме өткізу, негізгі халықаралық туристік көрмелерге қатысу, жоғары сапалы жарнамалық материалдар, жол көрсеткіштер шығару және шет елдерде тарату, Интернет ғаламдық желісінде бас қаланың және ірі туристік фирмалардың WEB-сайтын жасау көзделуде.

Астана қаласында туристік қызметті дамытудың негізгі бағыттары: экологиялық туризм. Туристер тартудың қосымша факторы сафари-туризм, орнитологиялық флоритикалық туризм, шетел туристерінің "көшпелі тұрмыс" жағдайларында болу, шеттураңшылық, балық аулау болуы мүмкін. Шортанды-Бурабай курорт аймағының, "Қорғалжын" қорығының жақындығы экологиялық туризмді дамыту келешегінің шарты, осыған байланысты аңшылық шаруашылығы инфрақұрылымын жасау көзделуде;

объектілері бас қаланың жаңа сәулетті келбеті, осы заманға мәдени мекемелер, қаланың әсем табиғи төңірегі болып табылатын ішкі танымдық туризм және демалыс.

Шортанды-Бурабай курорт аймағында осы заманғы халықаралық стандарттарға сәйкес келетін шипажайлар, демалыс үйлері және балалар сауықтыру қосындарының құрылысы көзделуде.

Тұрғындардың негізгі бөлігінің төлем қабілетіне сай келетін, орташа сыйымдылықты арзан қонақ үйлер, қала кіре берісінде өткінші жолаушылар үшін қолайлы жол бойғы күту үйлері және кемпингтер желісін қалыптастыру жалғастырылатын болады.

3 жұлдызды муниципальдық қонақүй, ақпарат орталығы, туристік және қонақ күту бизнесі мамандарын, экскурсия жүргізушілер, аудармашы-жолбасшылар оқыту жөніндегі орталық кіретін, арнайы кешенді туристік орталық құрылысы көзделуде.

4. Аймақаралық шаруашылық-экономикалық байланыстар

Астана қаласы өнеркәсібін оны азық-түлікпен және осы заманға құрылыс материалдарымен қамтамасыз етумен байланысты салалардың басым дамуына біртіндеп қайта бағдарлау, сондай-ақ басқа салаларды материал көп жұмсалмайтын жоғары технологияға ауыстыру республиканың басқа аймақтарынан және импорт бойынша шикізат және материалдар беруге тәуелділікті белгілі бір дәрежеде төмендетумен қатар жүретін болады. Қалада және облыста шығарылуы экономикалық тиімсіз, құрылысына арналған шикізаттардың және материалдардың Астана қаласына жеткізілуі сақталады және өсе түсетін болады.

Сонымен бірге, жаңа өндірістердің дамуы неғұрлым бәсекеге қабілетті берушілер және өнім түрлерін нарықтық қағидаттарда таңдауға негізделген жаңа байланыстарды жолға қоюды қажет етеді.

Астана қаласының дамуы бас қаланың елдің басқа аймақтарымен шаруашылық-экономикалық байланыстарының белгілі бір дәрежеде өзгеруіне және кеңеюіне, экспорт пен импорт географиясының және номенклатурасының өзгеруіне әкеледі.

Бас қала Астанада жүзеге асырылып жатқан, қала құрылысы және экономикалық процестердің әсерімен елдің өндіргіш күштерін оңтайландыру бағытында аймақтық және аймақаралық байланыстардың жаңа мультипликативтік үрдістері және жүйесі қалыптасуда.

Аймақаралық экономикалық байланыстардың күшеюі бас қаланың ел экономикасына жаңа саяси және экономикалық-географиялық ықпалмен байланыстырылуда. Бұл процестер қаланың сол жақ жағалау бөлігіндегі құрылыстың үлкен көлемімен және оның қазіргі бөлігін қайта жаңартумен байланысты одан әрі жедел дамитын, сауда-экономикалық өзара қарым-қатынастардың жаңа аймақтық тәсімдерін қалыптастырудан, тікелей байланыстар және берілімдер орнатудан көрінеді.

Бас қала аумағын кешенді салу жөніндегі және оның осы заманғы сәулеттік-көркем кейпін қамтамасыз ету талаптарына сәйкес, Қазақстанның жұмыс істеп тұрған кәсіпорындары негізінде жаңа жоғары сапалы құрылыс материалдары мен бұйымдарын

шығарудың көлемін арттыру, өндірістерін игеру қажет:

Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Оңтүстік Қазақстан облыстары
кәсіпорындарында цемент;

Семей, Қарағанды және Рудный қалаларында жұмыс істеп тұрған зауыттарын қайта
жаңарту негізінде әрлеу және безендіру кірпіші;

автомобиль жолдары құрылысы және жолды қайта жаңарту үшін Павлодар мұнай
өңдеу зауытында битумның жаңа жоғары сапалы маркілері;

негізгі бөлігі қазіргі уақытта Ресейден әкелінетін, құрылыс үшін қажетті сортты
металл қақтамасы және металл материалдарының басқа түрлері;

су өткізгіштер және кәріз желілері құрылысы үшін үлкен диаметрлі құбырлар;

Семей, Павлодар және Талдықорған қалалары кәсіпорындарында кабель өнімінің
кеңейтілген сортын;

Степнагор және Қарағанды қалаларының линолеум шығару бойынша жұмыс
істемей тұрған зауыттарында жоғары сапалы линолеум және басқа да еден
қаптамалары.

Сонымен бірге аймақаралық алыс-беріс және экспорт үшін Астана қаласының,
кәсіпорындары мен ұйымдары ұсынатын өнімдердің, жұмыстар мен қызметтердің
көлемі және номенклатурасы кеңейетін болады.

Астана қаласында құрылыс материалдарының, бөлшектерінің және
конструкцияларының жана озық түрлерін игеру (алюминийден, пластмассадан,
металлпластиктен, ағаштан) республиканың басқа аймақтарына және экспортқа өнім
берудің номенклатурасын және көлемін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Орта мерзімді келешекте Ақтау қаласында әртүрлі мақсаттағы полистрил және
Атырау қаласында полипропилен өндірістерін қалпына келтіру көзделуде, бұл Астана
қаласында шағын кәсіпкерлік негізінде пластмассадан аралық және түпкі тұтыну
өнімдері өндірістерін жедел дамыту үшін мүмкіндіктер туғызады. Мұндай өнімдердің
артығы республиканың басқа аймақтарына, Ресейге және Орталық Азия елдеріне
экспортқа шығарылуы мүмкін.

Астана қаласында құрылғалы отырған технопарктер және лазерлік технологиялар
орталығы аймақаралық байланыстарды дамыту және экспортты арттыру үшін ерекше
маңызға ие болады. Республиканың бас қаласы соның ішінде экспортқа ғылым көп
жұмсалатын және жоғары технологиялар мен өнімдер таратуға мүмкіндік алады.

Белгіленіп отырған іс-шараларды іс жүзіне асыру инвестициялар, жоғары және
ғылым көп жұмсалатын технологиялар мен өнімдер өткізудің орталығы ретінде бас
қаланың жаңа кейпін жасайды.

Қаланың дамуы тұтастай ел экономикасына едәуір әсер етеді және мынандай сатып
алу және сату есебінен ел экономикасында тиісті мультипликативтік қимыл туғызады:

шикізаттар, материалдар және құрал-жабдық;
ұзақ пайдаланатын тауарлар;

азық-түлік, дәрі-дәрмектер және басқа нәрселер.

Бұл, өз кезегінде, жаңа жұмыс орындары санының өсуіне, тұрғындардың жұмыспен қамтылуына, өз өнімдерін Астана қаласына беретін отандық кәсіпорындардың п а й д а с ы н ы ң ө с у і н е ә к е л е д і .

Астана қаласы кәсіпорындарының басқа аймақтарға өнімдер беруді кеңейтуі тұрғындардың сұранысын жақсы қанағаттандыруға және бәсекелестікті дамытуға әкеледі, соның есебінде рынокта тауарлар мен қызметтерді бағасы төмендейтін болады.

5. Бағдарламаны іске асыру тетігі

Бағдарламаны республикалық деңгейде орындау үшін оны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспары әзірленген, онда белгіленген іс-шараларды кезең-кезеңмен орындау көзделген. Іс-шаралардың кешенділігі өкімет пен басқарудың республикалық және жергілікті органдарының қызметін барынша үйлестіруге және мүмкіндіктерін шоғырландыруға мүмкіндік береді. Бағдарламаны іске асыру тетігінің тиімділігі Астана қаласының тұрмыс-тіршілік жүйесінің барлық бағыты бойынша мақсаты бағытталған және келісімді іс-қимылдармен қамтамасыз етіледі.

Бұдан басқа, Бағдарламаны іске асырудың нақты шаралары мен тетіктері Қазақстан бас қаласын дамытуды көздейтін республикалық, аймақтық және салалық бағдарламаларда көрініс табатын болады.

6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға республикалық және жергілікті бюджеттердің , кәсіпорындардың, ұйымдардың және тұрғындардың қаражаты, халықаралық ұйымдардың гранттары пайдаланылатын болады.

2001-2005 жылдарға осы бағдарламаны іске асыруға республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатына есепті қажеттілік 255 млрд. теңге болады. Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатының нақты көлемі тиісті жылға бюджеттер қалыптастыру кезінде айқындалған мүмкіндіктерге сүйене отырып белгіленетін болады . 2005 жылға шетелдік инвестициялар көлемі 2001 жылмен салыстырғанда 2 есе өсуі мүмкін және олардың жыл сайынғы көлемі 150 млн. АҚШ долларына дейінгі мөлшерде күтілуде. Олар негізінен, қызмет, қонақ күту және мейрамхана бизнесіне, сондай-ақ жылжымайтын мүлікпен операцияларға бағытталатын болады.

2001-2005 жылдарда шетелдік инвестицияларды, кәсіпорындардың және ұйымдардың, сондай-ақ тұрғындардың қаражатын қоса алғанда, негізгі капиталға инвестициялардың жалпы көлемі 452 млрд. теңге болады.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтіліп отырған нәтижелер

2005 жылға дейінгі кезеңге "Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" атты Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының мемлекеттік бағдарламасы шараларын іске асыру нәтижесінде тиісті қызметтік-салалық құрылымымен және өндірістік-әлеуметтік инфрақұрылымымен, тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету жүйесімен, қала жасау құрылымымен және сәулеттік-техникалық шешімдердің жоғары деңгейімен егемен Қазақстанның бас қаласы ретінде Астана қаласының жедел әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін негіз қаланатын болады.

Қалада тек әкімшілік және іскерлік қызметтерді жүзеге асыруға емес, халықтың тұрмыс деңгейінің және әл-ауқатының жоғары деңгейіне қол жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, сондай-ақ аймақаралық интеграциялық байланыстарды нығайту жолымен елдің барлық аймағының дамуына және гүлденуіне ықпал ететін жарасымды дамыған бас қалалық орта қалыптасады.

* Анықтама үшін: теңгенің АҚШ долларымен алғандағы 2000 жылғы бағамы орташа (бағалау) - 142,4.

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.